

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**«Nur Otan» партиясы  
Фракциясының мүшесі  
Ф. Қаратаевқа,  
«Қазақстан Халық партиясы»  
фракциясының мүшелеріне,  
Қазақстан халқы Ассамблеясының  
депутаттық тобының мүшелеріне,  
«Ақ жол» Қазақстан Демократиялық  
партиясы фракциясының  
мүшесі  
Қ. Исаға**

*2021 жылғы 23 маусымдағы  
№ ДС-227 сауалға*

### **Құрметті депутаттар!**

Сіздердің депутаттық сауалда көрсетілген Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу аясында қарастыру және пайдалану үшін ұсынған бірқатар ұсыныстарыңызды қарастырып қосымшаға сәйкес келесіні хабарлаймын.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығын жоғары деңгейде атап өту мақсатында Үкіметпен кешенді жұмыстар атқарылып, мерейтой жылын жаңа форматта атап өткізуге мүмкіндік беретін қағидалары белгіленді және а.ж. 2 ақпандағы №101 Үкімет Қаулысымен «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу» бойынша арнайы республикалық іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - *Жоспар*) бекітілді.

Ең алдымен, өткізілетін іс-шаралардың мазмұнды және қоғам үшін пайдалы болуына басты назар аударылды, сонымен қатар мерейтойдың негізгі оқиғалары – Тәуелсіздіктің басты жетістіктері мен құндылықтарын айшықтайтын, 12 айды қамтитын тақырыптарға бөлінген.

Негізгісі - Тәуелсіздік жылдары Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен қол жеткен жетістіктерімізді ел ішінде және халықаралық деңгейде таратылуы іске асырылады.

Жоспар бойынша республикалық деңгейде барлығы 90 іс-шара, бұдан бөлек **2300-ге жуық** іс-шараны қамтитын **өңірлік және салалық жоспарлар** іске асырылуда. Оның ішінде, **200-ден** аса ақпараттық (оның ішінде 3 телесериал, 11 деректі фильм, 6 телерадио жоба және 7 интернет жоба жасалады және БАҚ пен интернет ресурстарда 5 мың материал жарияланады), **120** халықаралық (оның ішінде, Қазақстанның сыртқы саяси жетістіктеріне арналған шаралар циклы көзделген; наурызда Түркістан қаласында мемлекет басшыларының қатысуымен Түркітілдес елдер Саммиті; зиялы қауымның қатысуымен «Алматы – Тәуелсіздік бесігі» атты форумы, Ұлттық ғылым академиясының салтанатты жиыны (биыл Ұлттық ғылым академиясына 75 жыл) өткізілді. Тамызда ядролық қарусыз әлем және жаһандық қауіпсіздік үшін халықаралық Назарбаев сыйлығын беру рәсімі жоспарланған); **400-ден** аса спорттық (оның ішінде, салауатты өмір салтын дамытуға бағытталған); **360** мәдени-танымдық (оның ішінде, 120 шалғай аудандарды қамтитын «Сырлы саз – Отанға» республикалық өнер керуенін ұйымдастыру жоспарланған (арнайы пойыз), **150** қайырымдылық (оның ішінде, шалғай ауылдар тұрғындарына әлеуметтік-медициналық және құқықтық көмек көрсету мақсатында 100 мың адамды қамтитын «Көмек керуені» волонтерлік әлеуметтік жобасы іске асырылады); **136** экологиялық және **900-ден** аса қоғамдық-саяси (азаматтардың ел дамуына үлесін насихаттауға бағытталған; жастарды қолдауға бағытталған «Тәуелсіздік ұрпақтары» жобасы қабылданады; Желтоқсан оқиғасына 35 жыл толуына арналған – қаһармандардың азаматтық ерлігін насихаттауға бағытталған танымдық кездесулер) маңызды іс-шаралар жоспарланған.

Сонымен қатар, Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында ұлт мүддесі жолында қызмет еткен біртуар тұлғалар есімін мемлекеттік деңгейде аталып, ардақтауға жоспарланып отыр - жалпы 15 танымал тұлғаның, 7 ұйымның мерейтойы, өңірлік деңгейде 300-ден аса адамның мерейтой даталары тізбесі (оның ішінде, биыл халық ақыны Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығы, даңқты балуан Қажымұқан Мұңайтпасовтың 150 жылдығы, алаш қайраткері Әлихан Бөкейхановтың 155 жылдығы және ағартушы Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойлары) жасалған.

Жоғарыдағыны ескере отырып, белгіленген іс-шаралардың орындалуы Үкіметтің және арнайы құрылған республикалық штабының бақылауында. Бұл бағыттағы жұмыстар жыл соңына дейін жалғасуда.

*Қосымша: 72 парақта.*

**Е. Тоғжанов**

*1. Ауылдық округтердің, аудандар мен облыстардың әкімдері идеологиялық тұрғыда тарихи мұраны, сондай-ақ Қазақстан тәуелсіздігінің жетістіктерін, оның ішінде республикалық маңызы бар қалаларда, облыстарда, аудандар мен ауылдық округтерде бұқаралық ақпарат құралдары, интернет және әлеуметтік желілер арқылы насихаттау жөнінде неғұрлым кең ауқымды жұмыс жүргізуі туралы.*

*Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің хабарлауы бойынша Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу жөніндегі республикалық іс-шаралар жоспары бекітілді (бұдан әрі – Жоспар) (Үкіметтің 26.02.2021 жылғы №101 Қаулысымен толықтырулар мен өзгерістер енгізілді). Жоспар **101 іс-шарадан**, ұйымдастыру-дайындық, ақпараттық-имидждік жұмыс және идеологиялық тұрғыдан Тәуелсіздіктің негізгі қырларын ашатын **12 тақырыптық блоктан** тұрады (ҚАҢТАР – «Қазақстанның жаһандық бастамалары. Халықаралық қауіпсіздікке қосқан үлесі», АҚПАҢ – «Қазақстан - спорттық ұлт», НАУРЫЗ – «Қазақстанның ұлттық дәстүрлері мен мәдениеті», СӘУІР – «Ғылым және технологиялар», МАМЫР – «Ұлттық бірлік, бейбітшілік және тұрақтылық», МАУСЫМ – «Патриотизм», ШІЛДЕ – «Астана күні. Нұр-Сұлтан - табыс пен өркендеудің символы», ТАМЫЗ – «Тәуелсіздіктің құқықтық негіздері. Құқық үстемдігі және азаматтық қоғам», ҚЫРКҮЙЕК – «Білім», ҚАЗАН – «Ауылды қайта түлету», ҚАРАША – «Индустриялық-инновациялық даму. Цифрлық экономика», ЖЕЛТОҚСАН – «Тәуелсіздік - орындалған арман. Қазақстан жолы»).*

Министрлікпен а.ж. қаңтар айында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуді ақпараттық сүйемелдеудің медиа-жоспары қабылданды.

Сонымен қатар Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен өңірлердегі жалпы жағдайға сараптама жасалып, ұйымдастыру мен имидждік жұмыстағы жетістіктер мен кемшіліктерге баға беріледі. Ол үшін **30jyl.kz іс-шаралар навигатор-сайты** іске қосылып, онда іс-шаралар мен арнайы жобалар туралы бейнекүнделік тұрақты жариялануда.

А.ж. 1 қаңтар мен 22 маусым аралығында республикалық және өңірлік БАҚ-да **22720** материал, оның ішінде республикалық телеарналарда - **548** сюжет, баспа басылымдарында - **1625** мақала, интернет-ресурстарында - **2987** материал, өңірлік БАҚ-да - **8074** материал шықты. Әлеуметтік медиада **9486** жазба жарияланды.

*Мәдениет және спорт министрлігінде* Жоспар аясындағы барлық іс-шаралар ұлттық мәдениетті ілгерілетуге және дәстүрлерді жаңғыртуға, салауатты өмір салтын насихаттауға және бұқаралық спортты, оның ішінде ұлттық спорт түрлерін дамытуға, сондай-ақ елдің туристік тартымдылығын арттыруға бағытталған. Тәуелсіздіктің 30 жылдығын мерекелеу жөніндегі жалпы республикалық іс-шаралар жоспарына сәйкес Министрлік барлық жоспарланған іс-шаралардың уақтылы және сапалы өткізілуін қамтамасыз етеді.

Барлық іс-шаралар жыл басынан бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен насихатталуда, бүгінгі күні **500-ден астам материал** жарық көрді, мәдениет

және өнер қайраткерлері мен белгілі спортшылардың қатысуымен **200-ден астам сұхбат** берілді, Министрліктің және ведомстволық бағынысты ұйымдардың ресми парақшаларында мәдениет саласының, қазақстандық спорттың жетістіктері, мемлекеттің туристік әлеуеті туралы **60-тан астам бейнероликтер** әзірленді.

Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарына сәйкес ақпан айы «Қазақстан – спорттық ұлт» атауымен өтті. Оның шеңберінде 150-ден астам спорттық-бұқаралық іс-шаралар өткізіліп, #МеніңТәуелсіздіккеүлесім акциясы және «Менің жетістігім-Менің елімнің жетістігі» челленджі іске қосылды. Барлық іс-шаралар өңірлердегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты және санитарлық-дезинфекциялық режимді ескере отырып жүргізілді.

Наурыз айында «Қазақстанның ұлттық дәстүрлері мен мәдениеті» аясында түрлі форматтағы 1000-нан астам іс-шаралар – театр қойылымдары, шығармашылық конкурстар, фестивальдар, ғылыми-конференциялар, мастер-кластар, акциялар және т. б. өткізілді.

Еліміздің **тарихи-мәдени ескерткіштері мен мәдени мұрасын сақтау** және танымал етуде Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «*Рухани Жаңғыру*» және «*Ұлы даланың жеті қыры*» бағдарламалары ұлттық манифест ретінде жаңа кезеңге сай болмысымызды, даму бағыт-бағдарымызды айқындап берді.

Пандемия жағдайына қарамастан, ұлттық мәдениетімізді дамытуда тыңғылықты жұмыс жүргізілуде. Бүгінгі күні **«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы»** арнайы жобасы аясында еліміздің киелі жерлерінің бірыңғай белдеуін құру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Тарихи орындарды толық жүйелеу бойынша жүргізілген ауқымды жұмыстардың нәтижесінде **831 объекіден** (*ұлттық маңызы бар – 256, жергілікті – 575*) тұратын **qazmaps.kz** платформасында визуализацияланған еліміздің киелі жерлерінің бірыңғай белдеуі құрылды. Сондай-ақ киелі нысандар туралы толық ақпаратты, аңыздарды қамтитын **«Киелі Қазақстан»** энциклопедиясының төрт томы жарық көрді.

Жергілікті атқарушы органдармен «*Рухани Жаңғыру*» және «*Ұлы даланың жеті қыры*» бағдарламалары аясында жергілікті маңызы бар тарихи-мұра объектілерін насихаттау бойынша кітаптар, энциклопедиялар басып шығарылуда, видеороликтер, телебағдарламалар сериясы, қысқа метражды және деректі фильмдер жарық көрді, жаңа турмаршруттар әзірленді және өзге де өкірлік ерекшеліктері бар имидждік өнімдер таратылуда. Жалпы атқарылған жұмыстардың барлығы республикалық және өңірлік каналдарда, әлеуметтік желілерде кеңінен таралуда.

Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесінің бейресми саммиті аясында **Түркістан қаласын Түркі әлемінің астанасы** ретінде ресми түрде мойындағанын ерекше атап өту қажет.

2020 жылы Түркістан қалашығын реставрациялау, консервациялау және қалпына келтіру жұмыстарымен 88,7 га аумақтағы **17 нысан** қамтылды, оның ішінде **8 тарихи-мәдени нысанда** жұмыстар аяқталды (*казарма гимараты, бекініс*

қабырғасы, шілдеhana, Есім хан кесенесі, сегіз қырлы кесене, Жұма мешіті, Хан мешіті, Шығыс моншасы) және **9 нысанда** (Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Рабия Сұлтан Бегім кесенесі, үлкен Хильвет және жерасты мешіті, Дарбазақақпа, Мұсалықақпа, Тақияқақпа, Жетіатақақпа, Әбілмәмбет хан ордасы, магистралды көше) жұмыстар жалғасуда. Бұл бағыттағы жұмыс объектілерді дамытудың бекітілген тұжырымдамалық жоспарына сәйкес жалғасатын болады.

Еліміздің барлық республикалық жетекші музей-қорықтарының аумағында **визит-орталықтардың құрылысы** мен оларды **музейлендіру** жұмыстары жүргізілуде. 2020 жылы «Ұлытау» музей-қорығы визит-орталығының құрылысы аяқталды. Биылғы жылы «Сауран», «Гаухар ана» және «Ордабасы» визит-орталықтарының құрылысы аяқталады. Сонымен қатар 2022 жылы құрылысы жоспарланып отырған «Есік» және «Берел» визит-орталықтарының жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленуде.

Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында берілген тапсырмасы аясында Наурызды мерекелеуге жаңа форматтағы тұжырымдамалық тәсілдер әзірленді. Республиканың барлық өңірлерінде «Өз Наурыз – ұлттық сананың, ұлттық бірліктің жарқын көрінісі» ұранымен 8 мыңнан астам іс-шара өткізілді. Наурыз мейрамын мерекелеудің үздік дәстүрлерін жаңғырта отырып, балалар үйінің, аз қамтылған және көп балалы отбасылардың балаларына арналған «#Келкөрісейік» қайырымдылық жобалары, этномәдени қойылымдар, ұлттық музыкалық аспаптар фестивалі, ұлттық тағамдар жәрмеңкесі, өлкетану экскурсиялары, бірқатар өңірлерде ағаш отырғызу және т. б. іс-шаралар өткізілді.

Театрларда ерекше назар ұлттық қойылымдарға аударылды. Неміс театры «Қарагөз» спектаклін, «Астана Опера» театры «Қыз Жібек» операсын, Қ. Қуанышбаев атындағы театр жаңа сахнада «Құнанбай» спектаклінің премьерасын ұсынды, «Ұлытау» мұражай-қорығы «Мәңгілік елдің мәртебесі Наурыз» көрмесін таныстырды.

Елдегі эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, іс-шаралардың көпшілігі онлайн форматта ұйымдастырылды және ашық түрде қолжетімді болды.

**Ұлттық экономика министрлігі** Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен қабылданған Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуді ақпараттық сүйемелдеудің медиа-жоспары шеңберінде Тәуелсіздік жылдарындағы елдің жетістіктерін, Қазақстанның ұлттық дәстүрлері мен мәдениетін, тарихи мұраны бұқаралық ақпарат арқылы насихаттау бойынша бірқатар іс-шаралар атқаруда.

**Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсіп министрлігі** а.ж. 1-ші жартыжылдығында ЦДИАӨМ спикерлерінің қатысуымен **8** брифинг/баспасөз конференциясы, министр Б. Мусиннің халықпен 1 есеп беру кездесуі, IT саласының өкілдерімен, ауыл тұрғындарымен және т.б. **8** кездесу/диалог/брейншторм өткізілді, БАҚ-да **975** жарияланым жарияланды. ЦДИАӨМ-нің әлеуметтік желілердегі ресми аккаунтында - **44** жарияланым орналастырылды.

**Әділет министрлігінің мәліметтері бойынша** БАҚ жарияланымдар саны (*баспасөзде, электрондық*) – 47, ТВ сөз сөйлеу –17, радиода сөз сөйлеу –23, дөңгелек үстел, семинарлар-50, дәрістер тренингтер –65.

Жоспар аясында еліміздің барлық өңірлерінде тиісті ақпараттық сүйемелдеу жұмыстары тұрақты негізде жүргізілуде.

**Ақмола облысы әкімдігінің** ақпаратына сәйкес Тәуелсіздіктің 30 жылдығын мерекелеу Тұжырымдамасының бағыттарына сәйкес облыстық іс-шаралар жоспары бекітіліп, а.ж. басынан облыс бойынша барлығы **6 092 іс-шара** өтті. Ақпараттық сүйемелдеу шеңберінде өңірлік баспа басылымдарында арнайы айдарлар ашылып, өңірлік БАҚ-та «Тәуелсіздік жылдары» және «Тәуелсіздік күнтізбесі» және басқа да арнайы жобалар жұмыс істейді. БАҚ-та Тәуелсіздіктің 30 жылдығы бойынша барлығы **1305 материал** (*республикалық -142 және өңірлік - 1163*) жарияланды және эфирге шықты, әлеуметтік желілерде 4 мыңнан астам бекеттер, бейнероликтер, мақалалар, инфографикалар жарияланды.

**Батыс Қазақстан облысы әкімдігімен медиа-жоспар** жасақталып, жыл басынан бері жергілікті баспа басылымдарында **1897** материал жарық көрді (*баспа басылымдарында – 532 мақала, телеарналарда – 238 сюжет, интернет-ресурстары мен әлеуметтік желілерде – 1127 материал*).

Жергілікті «АҚЖАІҮҚ», «ТДК-42» телеарналары, баспа басылымдары, интернет-ресурстар мен әлеуметтік желілерде «Ұлт бірлігі – Тәуелсіздіктің негізі» тақырыбында өзге ұлт өкілдерінің ой-пікірлері жариялануда, «Елорда-Тәуелсіздік тұғыры» тақырыбында бейнероликтер дайындалып, жергілікті «Ақжаіуқ» телеарнасы мен әлеуметтік желілер арқылы таратылды.

Сонымен қатар «Ақжаіуқ» телеарнасының «Күншуақ», «Открытая студия» телебағдарламаларында «Тәуелсіздікке тарихи шолу» тақырыбында сюжеттер ұйымдастырылып, «Тәуелсіздік жетістіктері» атты деректі фильмі дайындалуда. Қазіргі таңда, «Егеменді елдігім-Тәуелсіздік теңдігім» тақырыбында Елбасы Н.Назарбаевтың тәуелсіздікке қол жеткізу жолындағы жүріп өткен жолы жайында сюжеттер көрсетілуде.

**Қарағанды облысында** облыстық БАҚ-та көптеген арнайы тақырыптық айдарлар ашылды (*«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы», «30-летие Независимости Республики Казахстан», «Казахстан – спортивная нация», «Қазақстан – спортышыл ұлт», «Қазақстанның мәдениеті және ұлттық дәстүрлері», «Национальные традиции и культура Казахстана» және т.б. айдарлар*). Барлық материалдар арнайы логотиппен жариялануда.

Мерзімді түрде облыстық баспа БАҚ-та, газеттердің сайттарында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік жылдарындағы облыстың жетістіктері туралы ақпараттық материалдар (*облыстардағы мерейтой күндерін, облыс спортышыларының жетістіктерін және т.б.*) жарияланып тұрады.

Жыл басынан **3849-дан** астам материал БАҚ-та, оның ішінде 758-ден астам материал баспа басылымдарында, 245-тен астам материал телеарналарда, 381-ден астам материал интернет ресурстарда және 2465-тен астам материал әлеуметтік желілерде жарияланып, орналастырылды.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған сыртқы

безендіру барлық қалалар мен аудандарда жүргізіледі. Бүгінгі таңда облыс бойынша **135 баннер** орнатылған. Қарағанды облысының спорт, білім, құрылыс саласындағы жетістіктері туралы бейнероликтер әзірленіп, таратылды. Жыл басынан бері **186 ролик** дайындалды.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған барлық іс-шаралар әлеуметтік желілердегі посттар **#Qazaqstan30 бірыңғай хэштегімен** жарияланады.

**Павлодар облысы әкімдігімен** Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу бойынша өңірлік іс-шаралар жоспары құрылды, **137 іс-шара** бекітілді. Жоспарды жүзеге асыру аясында облыста **77 билборд, 5 брендмауэр, 54 баннер, 4 тартпалы баннерлер** және **112 жалауша** орнатылды. Өңірлік масс-медиада мерейтойлық логотипті пайдалана отырып тақырыптық айдарлар жұмыс істейді, онда Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік жылдарындағы өңірдің экономика және әлеуметтік өмірі салалары туралы материалдар орналастырылады.

**Маңғыстау облысы әкімдігімен** 2021 жылға арналған мемлекеттік тапсырыс аясында еліміздің киелі орындарын насихаттауға арнайы тақырып қарастырылған. Соған сәйкес республикалық және жергілікті телеарналар мен баспа БАҚ беттерінде, интернет ресурстар мен әлеуметтік желілерде ақпараттандыру жұмыстары жүргізілуде. 2021 жылдың қаңтар айынан бастап жергілікті телеарналарда **70-тен астам**, баспа беттерінде **57**, интернет ресурстар мен әлеуметтік желілерде **800-ден астам** ақпарат жарияланды. Қоғамдық коммуникация орталығында брифингтер ұйымдастырылып, арнайы дайындалған бейнероликтер таратылды. Қала және аудан орталықтарында тәуелсіздіктің 30 жылдық эмблемасы бар баннерлер орналастырылып, **#QAZAQSTAN30** хештегімен ақпараттар жарияланып келеді.

**Жамбыл облысы әкімдігінің** ақпараты бойынша жыл басынан бері Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу аясында облыста **3000-нан астам** іс-шара өткізілді.

Облыста Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес ақпараттық сүйемелдеу бойынша медиа-жоспар бекітіліп, тиісті жұмыстар жүргізілуде. Бүгінгі күнге баспа басылымдарда Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған логотип арқылы, сондай-ақ «Тәуелсіздік жылдары», «Тәуелсіздік бәрінен қымбат», «Независимости Казахстана – 30 лет», «Президент», «Еңбек адамы», «Ауыл тынысы», «Тәуелсіздік – тұғырымыз» атты тұрақты айдарлармен **532 мақала** (оның ішінде, республикалық газеттерде 6, облыстық газеттерде 95, қала/аудандық газеттерде 372 мақала), электрондық БАҚ-та 126 сюжет (облыстық «*JAMBYL*», «*77TV*», «*Taraz 24*» телеарналары) көрсетілді.

Ал, ақпараттық сайттар мен әлеуметтік желілерде **740-тан астам материал** жарияланды. Сонымен қатар, еліміздің дамуына үлес қосқан ардагерлер мен қоғам белсенділері, танымал тұлғалардың және өзге де азаматтардан қалыптастырылған спикерлердің **37-ге жуық** бейнеқұттықтаулары әзірленіп, таратылды.

*Түркістан облысы әкімдігі ақпаратына сәйкес* 2021 жылдың басынан бері БАҚ көздерінен **238 материал** жарық көрген (оның ішінде 12-і баспа БАҚ, 23-і электронды БАҚ, 91-і ақпараттық сайттан, әлеуметтік желі (Facebook) 112 материал жарияланған).

Атап айтқанда, облыстық телеарналардан **23 материал** жарық көрді. Республикалық «Оңтүстік» телеарнасынан «Ассамблея теңдесі жоқ институт», «Айғақ» телеарнасынан «Қариялар жаңарған Түркістанды тамашалайды». Аудандақ «Нар тв» телеарнасынан «Түркістан өңірі дамудың даңғыл жолында» және т.б тақырыптарда материалдар жарық көрген.

Баспа БАҚ-да **12 материал** жарық көрді. «Мақтаарал» газетінің №24 санында «Мақтааралдан да мармелад шығады» және т.б. тақырыбында материалдар жарық көрген. Ақпараттық сайттардан **91 материал** жарық көрді. inform.kz сайтынан «Ясауи кесенесінің аумағында сакура гүлдеді», gov.kz сайтынан «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына - 30 млн. Ағаш», tengrinews.kz сайтынан «Түркістанның түркі әлемінің рухани астанасы атануы – тарихи әділдік» және т.б. тақырыбында материалдар жарық көрген.

Әлеуметтік желіден (Facebook) есепті мерзімде жарық көрген материалдар саны **112**. Атап айтқанда, *Türkistan oblysynyń ákimdigi* «Түркістан: «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» төс белгісі иелері марапатталды. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған Қазақстан халқы Ассамблеясының ХХІХ Сессиясына онлайн форматта Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев пен облыстағы Ассамблея мүшелері қатысты», *Ордабасы аудандық әкімдігі* «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында Ордабасылық жастарға тарту жасалды. Аудан әкімі Нұрбол Тұрашбеков белсенді жастармен кездесу барысында жастардың ізденуі мен рухани дамуы үшін барлық жағдай жасалатынын айтқан болатын *Қазығұрт ауданы әкімдігі* т.б. тақырыбында материалдар жарық көрген.

*Қызылорда облысының әкімдігімен* ақпараттандыруға байланысты **8 бөлім, 106 тармақтан** тұратын арнайы медиа-жоспар бекітіліп, ақпараттық сүйемелдеу жұмыстары жүргізілуде. Медиа-жоспарда тәуелсіздік жылдарындағы өңірдің экономикасы мен мәдени-рухани бағыттағы жетістіктерін, әлеуметтік саладағы ілгері басқан көрсеткіштері мен ғасыр жүгін арқалаған тарихи кезеңдегі облысымыздың даму динамикасын қамтитын «30 жылдыққа 30 сюжет», «30 жылдыққа 30 бейнеролик», «30 қайырымды іс», «30 баспасөз туры» секілді месседждерге басымдық берілген.

Бүгінде бекітілген логотипті негізге ала отырып, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары «Ордалы 30 жыл», «30 жылдыққа – 30 шақырым», «Тәуелсіздік тартуы: Жылдар жемісі», «Тәуелсіздік толғауы: Жылдар жаңғырығы», «Тәуелсіздік түлеткен сала» айдарларымен 1100-ден астам материал жариялаған.

«Тәуелсіздіктің 30 жылдығына - 30 кітап» республикалық акциясы ұйымдастырылып, баспа басылымдар мен интернет ресурстарда «Тәуелсіздік-тірегім», «Мақсат – Тәуелсіздіктің қадірін ұғындыру», «Тұғырлы тәуелсіздікке –30 жыл», «Отыз жылда оң нәтижелерге қол жеткіздік», «Басты



құндылығымыз – бейбітшілік», «Достық, береке, бірлік – Тәуелсіздік кепілі», «Тәуелсіздік – ел бақыты» сынды тақырыптарда материалдар жарыққа шықты. Сонымен қатар **«Тәуелсіздік - биік сенің айбының» атты балалар арасында оқу челленджі**, «Үш он жылдық белес» атты экскурсиялар шеруі ұйымдастырылып, әлеуметтік желілер арқылы ақпараттандырылып келеді.

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында қазақ қоғамының рухани құндылықтарын нығайту, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, тәуелсіз Қазақстанның жарқын жетістіктерін насихаттау, сонымен бірге, Дала қоңырауы атанған қазақтың тұңғыш ағартушы ұстазы Ы.Алтынсариннің 180, мұзбалақ ақын М.Мақатаевтың 90, Алаш көсемі Ә. Бөкейханұлының 155 жылдық мерейтойларына орай тұлғалардың есімдерін ұлықтау мақсатында «Тәуелсіздікке тағзым – тілге құрмет» тақырыбында облыстық онлайн жазба ақындар мүшәйрасы өткізілді.

Сондай-ақ тәуелсіз қазақ жерінің кеңдігі мен біртұтастығын насихаттай отырып, Алаштың анасы атанған Сыр елі мен қасиетті Баянауыл өлкесінің тарихи тамырластығын бүгінгі ұрпаққа дәріптеу, тарихи сабақтастықты одан әрі дамыту мақсатында Павлодар және Қызылорда облыстарының арасында «Ынтымақ» өңіралық рухани байланыс телекөпірі ұйымдастырылса, жастардың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін арттыруға бастайтын «Маржан сөз» интеллектуалдық телеойыны облыстық «Qyzylorda» телеарнасынан тоқсан сайын көрсетілуде.

Өңірдегі этнос жастарының арасында мемлекеттік тілдің кеңінен қолданылуын насихаттау мақсатында әлеуметтік желілерде «Тілге құрмет – елге құрмет» тақырыбында челленджі, сондай-ақ, «Тіл-достықтың діңгегі», облыс жастары арасында «Отбасымызбен кітап оқимыз» атты сайыстар мен «Жүз жасаған бәйтерек», «Алғыс айту парызым» тақырыптарында эсселер байқауы ұйымдастырылды.

Мемлекеттік тіл саясатын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау, мемлекеттік тіл мәселесіне қоғамның назарын аударту мақсатында «Мемлекеттік тіл және БАҚ» облыстық байқауы, сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілер арасында мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, қазақ тілінде жазу сауаттылығын қалыптастыру мақсатында «Еңсесі биік Елорда», «Қос ішек» тақырыптарында онлайн диктант жазу шаралары өткізілді.

Ағымдағы жылдың I жартыжылдығында облыс көлемінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттары мен арнайы жобалары (6 бағыт, 17 арнайы жоба) аясында орталықтың 2021 жылға арналған іс-шаралар жоспары жасалып, қала және аудан әкімдіктері, облыстық басқармалар, мемлекеттік мекемелер, ЖОО-ның қатысуымен 900-ге жуық түрлі форматты шаралар өткізіліп, оларға 120 мыңнан астам адам қатысты.

Атап айтқанда, «Жамбыл поэзиясы – ХХІ ғасыр көкжиегінде» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция, Жалаңтөс Бахадүрдің туғанына 445 жыл толуына орай «Жалаңтөс Бахадүр және түркі дүниесі» тақырыбындағы семинар, «Нәубет жылдар шежіресі: Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін» атты облыстық ғылыми-танымдық конференция, Абылай ханның

310 жылдығына арналған «Абылай хан және оның тарихи дәуірі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, «Өмірзақ Озғанбаев – ғалым, азамат, қайраткер» атты ғылыми-танымдық конференция өткізілді.

2021 жыл басынан бағдарламаның арнайы жобалары аясында ұйымдастырылған шараларды ақпараттандыру бағытында БАҚ-та **2467** материал (*оның ішінде баспа БАҚ-та 767 мақала, телеарналар арқылы 430 бейнесюжеттер, интернет-ресурстарда 1270 пост*) жарияланды.

**Алматы облысының әкімдігімен** 2013-2020 жылдар аралығында жергілікті маңызы бар археологиялық ескерткіштерді сақтау мақсатында 474 археологиялық ескерткішке қорғау тақтайшалары орнатылды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында тарихи және мәдени нысандарды есепке алу жүйесін автоматтандыру мен дерекқор базасын құру мақсатында, облыс аумағында орналасқан тарих және мәдениет ескерткіштерінің электронды картасы дайындалды. Электронды карта парақшасын қолдану және ақпарат алу үшін <http://mmzhetysu.kz> сілтемесі арқылы кіруге болады.

Алдағы уақытта археологиялық ескерткіштердің жай-күйі мен сақталуы бойынша жұмыстар өз жалғасын табады.

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігімен** Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған қалалық іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді.

БАҚ-та және әлеуметтік желілерде Қазақстан халқының бірлігі, қоғамдық келісім және қазақстандық патриотизм идеялары, тәуелсіздіктің жетістіктері белсенді түрде насихатталуда.

Елорда аумағында орналасқан мекемелер мен ұйымдарда Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері күніне арналған «Мен Қазақстанның патриотымын!» атты имидждік шаралар, қала тұрғындары арасында әлеуметтік желілерде «Менің рәміздерім – менің мақтанышым!» атты патриоттық челлендж ұйымдастырып, қала көшелері мен даңғылдарда орнатылған LED-экрандарда, сондай-ақ білім беру, мәдениет, спорт және денсаулық сақтау мекемелері, сауда орындары мен қоғамдық көліктердегі дисплей-мониторларында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы аудио, видеороликтер көрсетті.

Ақпараттық жұмысты ілгерілетудің барлық арналарын, атап айтқанда, интернет-ресурстарды (*ақпараттық агенттіктер мен әлеуметтік желілер*), электрондық БАҚ-ты (*республикалық теле және радиоарналар*), баспа басылымдарын (*газеттер мен журналдар*) қамтиды.

Азаматтарды мемлекеттік органдардың жүргізіп жатқан жұмыстары туралы ақпараттандыру мақсатында күн сайын Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ресми сайтында материалдар жарияланады [astana.gov.kz](http://astana.gov.kz). (*күн сайын 10000-20000 қаралымдар*).

Әкімдіктің ресми сайтының жаңалықтары әкімдіктің @akimat\_nur\_sultan (Instagram), @nursultanakimat (Facebook), @Астана 24/7 (Facebook), @Креативная Астана (Facebook), uvp\_nu\_sultan (Instagram), astanamedia (Facebook) @elordalive (Facebook) әлеуметтік желілерінде және БАҚ-да

таратылуда. Әкімдікте өз баспасөз орталығы жұмыс істейді, оның базасында мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес сектор өкілдерінің қатысуымен брифингтер, баспасөз конференциялары мен тікелей эфирлер өткізіледі.

## **2. Қазақстан - дарынды жастар мекені және мемлекеттік тіл – қазақ тілі мәртебесін көтеру туралы**

**Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен** жастар арасында тәуелсіздіктің қадір-қасиетін насихаттау мақсатында 2021 жылғы 23 сәуір күні Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге шеңберінде Нұр-Сұлтан қаласында **онлайн форматта** Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңестің, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жанындағы Жас ғалымдар кеңесінің өкілдері, Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінен келген жас ғалымдар мен зерттеушілер, Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясының, ғылыми гранттардың, Мемлекеттік сыйлықтардың иегерлері, «Жастар» ҒЗО және өңірлік МОО қызметкерлері қатысуымен **«Ақылды ұрпақ» республикалық жас ғалымдар форумы** өткізілді.

4 маусым Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер күніне орай өңірлердегі әртүрлі форматта «Мен-Қазақстанның патриотымын!», #Менің рәміздерім; #Менің Туым; #Менің Қазақстаным; #Рәміздер күні атты хэштеппен іс-шаралар кешені ұйымдастырылып, өткізілді.

Сонымен қатар Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстан халқы Ассамблеясының (бұдан әрі – ҚХА) жанындағы «Жарасым» республикалық жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен **«Мен-Қазақстанның патриотымын!» атты патриоттық акциясы** өтті. Акция аясында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған **Қазақстан жастарының патриоттық актісін қабылданды.**

21-23 маусым аралығында Түркістан қаласында Түркітілдес елдердің жастар көшбасшылары мен белсенділерінің **«Түркістан – түркі әлемінің бесігі» халықаралық жастар саммиті** (бұдан әрі – Саммит) өтті. Саммит аясында «Түркі әлемінің жастары» аллеясының ашылу салтанаты өтті.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік жылдарында жетістікке жеткен жас қазақстандықтардың жетістіктерін танымал ету мақсатында «Азаматтық және құқықтық бастамаларды қолдау» қоғамдық қорымен бірлесіп **«Тәуелсіздік ұрпақтары» жобасын** іске асыру бағыты бойынша іс-шаралар кешенін іске асыруда. Аталған іс-шараның негізгі нәтижесі Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік жылдарында жетістікке жеткен жас қазақстандықтар туралы танымал интернет-ресурстарда және әлеуметтік желілерде кемінде **30** арнайы роликтер, сюжеттер, репортаждар дайындау және ротациялау болып табылады.

Сондай-ақ, а.ж. шілде – тамыз айлары аралығында Ақмола облысының Зеренді ауданына **«Zeren–2021»**. Тәуелсіздік ұрпақтары» жастар білім лагерін ұйымдастыру жоспарлануда.

**Білім және ғылым министрлігімен** қазіргі таңда еліміздегі тіл саясаты мәселелері **Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың**

**2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының** (бұдан әрі – Мемлекеттік бағдарлама) аясында жүзеге асырылуда.

Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілін жаңғырту, «Қазақ тілінің ұлттық корпусы» жобасын іске асыру, мемлекеттік тілдің этносаралық қатынас тілі ретіндегі рөлін күшейту, мемлекеттік және мемлекеттік емес сектор ұйымдарында қазақ тілін меңгеру деңгейін арттыру, Қазақстан азаматтарының тілдік капиталын дамыту және т.б. міндеттер арқылы нысаналы индикаторлар жүзеге асырылуда.

Атап айтқанда, барлық адамдарға қазақ тілін үйрену үшін мемлекеттік қолдау көрсету, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту үшін мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының жанынан білім беру деңгейлері бойынша тегін курстар ұйымдастыру, сондай-ақ көрнекі ақпаратты дұрыс жазу бойынша консультациялық түсіндіру жұмыстарын үйлестіру, Қазақстан Республикасындағы тілдік ахуалға мониторинг және талдау жүргізу, Қазақстанда және шетелдерде қазақ тілін оқыту және ілгерілету үшін «Абай институты» ашық білім беру-танымдық жобасын іске қосу және т.б. туралы шаралар қабылданып, бүгінгі күні Мемлекеттік бағдарламаның іске асыру мерзімдеріне сәйкес жүргізілуде.

Республика бойынша әкімдіктер жанынан **114** тілдерді оқыту орталықтары **тегін негізде** жұмыс істейді. Онда 2020 жыл қорытындысы бойынша оқығандар саны 80482 адам.

Мемлекеттік бағдарлама аясында жасөспірімдер мен жастар, әсіресе өзге ұлт өкілдерінің арасында ағымдағы жылы «Мемлекеттік тіл – тәуелсіздік символы», «Тіл шебері» республикалық байқаулары мен «Мен қазақша сөйлеймін» акциясы және т.б. іс-шаралар өткізілетін болады.

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, қазақ тілінің этносаралық қарым-қатынас тілі ретіндегі қызметін нығайту, мемлекеттік тілді меңгерген белсенді өзге ұлт өкілдерін ынталандыру мақсатында 2021 жылғы 11 маусымда жалпы білім беретін мектептердің 5-8-сынып оқушылары (этнос жастары) арасында **«Мен қазақша сөйлеймін» республикалық акциясының** I кезеңі өткізілді. Бұл шараға еліміздің **16** өңірінен құрамы **22** этнос өкілдерінен тұратын **326** адам қатысып, туған ел, туған жер тақырыбындағы жыр жауһарларынан үзінділерді қазақ тілінде мәнерлеп жатқа оқыды.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 413 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 4-тармағын іске асыру мақсатында әзірленіп «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасының **«Тіл саясатын іске асыру» кіші жобасында** мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге қатысты нәтижелі көрсеткіштер мен нысаналы индикаторлар қарастырылған.

*Энергетика министрлігі* 2021 жылы тамыз айында *«Менің сүйікті өлеңім» бейне-челленджін*, қыркүйек айында Министрліктің қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген мемлекеттік қызметшілері арасында *«Тіл шебері»*

*байқауын*, қараша айында Министрліктің құрылымдық бөлімшелері мен ведомстволық бағынысты мекемелерінің арасында «*Ұлттық рух – тәуелсіздік кепілі*» байқауын өткізуді жоспарлап отыр.

***Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі*** Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамыту бойынша жұмыстарды өз құзыреті шегінде тұрақты негізде жүргізіп отырады. Атап айтқанда, жыл сайын мемлекеттік қызметшілер үшін қазақ тілін оқыту курстары ұйымдастырылады. Қызметкерлердің барлығы дерлік мемлекеттік тілде жетік сөйледі. Министрліктің сайтында материалдар жариялауда және ішкі құжат айналымында тілдер туралы заңнаманың нормалары сақталады, яғни құжаттар екі тілде жүргізіледі.

Сонымен қатар, биылғы жылы Тілдер мерекесі қарсаңында ұлтымыздың біртуар ағартушы ұстазы Ы. Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойына арнап Министрліктің қызметкерлері үшін танымдық лекция өткізу жоспарланып отыр. Министрліктің ведомстволық бағынысты ұйымдарында да мемлекеттік тілді дамыту бағытында тиісті жұмыстар: тілдер мерекесіне орай іс-шаралар ұйымдастырылып отыратынын атап өткен жөн.

***Әділет министрлігімен*** Министрлік басшылығымен қызметкерлердің мемлекеттік тілді жетік меңгеруі және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңының сақталуы мен орындалуы қатаң бақылауға алынған. Әр құрылымдық бөлімшелер арнайы терминдік әдебиеттер, сөздіктермен қамтамасыз етілген.

Қазақ тілінде жолданатын хаттардың сауаттылығын, көркемдік сапасын қамтамасыз етуге, қажет болған жағдайда редакциялау мен түзетуді жүзеге асыру жұмыстарына ерекше назар аударылады. Министрліктің аппараттық және шұғыл кеңестерінің, алқа отырыстарының, негізгі қызметтерге байланысты бұйрықтар мен жеке құрамдар жөніндегі бұйрықтар, жоспарлар, талдау жұмыстары, кіріс-шығыс құжаттары мемлекеттік тілде жүргізілуде.

Мемлекеттік тілді дамытудың басты бағыты – мемлекеттік тілде әзірленген құжаттардың сапасын қамтамасыз ету.

Сонымен бірге, Министрліктің латын графикасын енгізу бойынша Әділет министрінің 2019 жылғы 27 ақпандағы № 95 бұйрығымен Министрліктің қазақ тілі әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілген.

Аталған іс-шаралар жоспарын орындау аясында Министрлік және оның аумақтық әділет органдары мемлекеттік тілді қолдану және дамыту барысында қазақ тілін насихаттау бойынша көптеген іс-шаралар өткізді. Атап айтқанда, «*Мемлекеттік тілдің дамуы*», «*Мемлекеттік тіл және оның қоғамдағы рөлі*» атты БАҚ жарияланымдары, «*Мемлекеттік тіл қазақ тілі елдігіміңнің айбыны*», «*Қазақ тілін білу-ұлтжандылықтың көрсеткіші*» тақырыптарындағы радиода сөз сөйлеулер, «*Тіл-ел байлығы*», «*Мемлекеттік тіл татулық тірегі*», «*Қазақстанның болашағы қазақ тілінде*», «*Қазақ тілін білгенің – өз еліңді сүйгенің*» тақырыбында өткізілген дөңгелек үстелдер мен семинарлар, «*Мемлекеттік тіл – менің тілім*», «*Мемлекеттік тіл және ұлттық сана*», «*Мемлекеттік тілді меңгеру- міндет*» атты дәріс тренингтер өткізілді.

Өңірлерде қолайлы әлеуметтік-тілдік кеңістік құру кезең-кезеңімен іске асырылуда.

*Солтүстік Қазақстан облысы* әкімдігінің ақпаратына сәйкес 2016 жылдан бастап облыстық тілдерді оқыту орталығы жұмыс істейді, онда жыл сайын **2500-ден** астам адам курстардан өтеді.

Облыс аудандары мен Петропавл қаласында жыл сайын жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын қазақ тілін қосымша оқыту үшін **70-тен** астам ересек топтар ұйымдастырылады. Бұдан басқа, жыл сайын облыстың кәсіпорындары мен ұйымдарында **700-ден** астам үйірмелер жұмыс істейді, онда **10 000-нан** астам тыңдаушы мемлекеттік тілді оқиды.

Өңірде тілдерді деңгейлеп меңгерудің халықаралық стандарты негізінде мемлекеттік тілді үздіксіз оқыту жүйесін енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Осы шаралармен облыстың барлық **483** мектепке дейінгі ұйымы және **468** жалпы білім беретін мектебі қамтылды.

Егер 1990 жылы облыста 65 қазақ мектебі болса, бүгінгі күні қазақ тілінде оқытатын және тәрбиелейтін **114 мектеп** жұмыс істейді.

Жүргізілген жүйелі жұмыстардың арқасында жыл сайын мемлекеттік тілді меңгерген облыс халқының үлесі артуда. Егер 2009 жылы осы индикатор **33%** - ды құраса, 2020 жылы **54,3%** - ға жетті.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 30 мамырдағы № 127 Жарлығына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысында 2008 жылы іс қағаздарын жүргізуді мемлекеттік тілге көшіру аяқталды.

Егер 2005 жылы мемлекеттік органдардағы қазақ тіліндегі іс жүргізу көлемінің үлес салмағы облыстың құжат айналымының жалпы көлемінде **32%** - ды құраса, 2020 жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш **95,5%** - ға жетті.

Тәуелсіздік жылдарында мемлекеттік тілдің коммуникативтік қызметі айтарлықтай нығайтылды.

Егер тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында облыс аумағында қазақ тілінде бір ғана «Солтүстік Қазақстан» газеті шығарылса, бүгінгі таңда **17** баспа БАҚ мемлекеттік тілде, **16** орыс тілінде, **26** екі тілде шығады.

*Түркістан облысында* мемлекеттік тілді меңгерген тұрғындардың үлесі 2021 жылы **93,6 %** құрайды. Облыста **16** аудандық, қалалық тілдерді оқыту орталықтары бар. Орталықтарда **15** әдіскер, 30 қазақ тілі, 18 орыс тілі, 24 ағылшын тілі маманы жұмыс істейді. 2021 жылғы I жартыжылдықтың қорытындысы бойынша оқыту орталықтарында **1803** адам қазақ тілін оқиды (оның ішінде өзге этностар саны-368).

Тілдерді оқыту орталықтары тіл үйренудің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында ZOOM, фейсбук, инстаграм әлеуметтік желілерінде тікелей эфир және WhatsApp арқылы онлайн оқытуды жалғастыруда.

Этномәдени орталықтар өкілдері арасында «**Тілге құрмет – елге құрмет**» челленджі ұйымдастырылып, 60-қа жуық адам қатысты. Облыстағы өзге этностар арасында «Мен қазақша сөйлеймін!» акциясы ұйымдастырылып, оған 100 үміткер қатысты. «Мемлекеттік тіл тәуелсіздік символы» облыстық

байқауына 16 аудан, қалалардан іріктелген үздіктердің қатысуымен ұйымдастырылды.

**Батыс Қазақстан облысы** тілдерді дамыту басқармасымен 2021 жылға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында **18** жоба қарастырылған.

Сонымен қатар, Батыс Қазақстан облысы Қазақстан Халқы Ассамблеясы «Тіл мұра» қоғамдық қозғалысы жоспарына сәйкес этностарды мемлекеттік тілді оқытуға ықпал ету бойынша жұмыстар жүргізілуде.

А.ж. 7-11 сәуір күндері «Қоғамдық келісім» КММ мен Батыс Қазақстан облыстық тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес ілеспе аудармашылардың біліктілігін арттыру мақсатында қазақша-орысша, орысша-қазақша ілеспе аударма жүргізуді үйретудің **5 күндік шеберлік кластары** өтті.

Сондай-ақ, әр этномәдени бірлестік жанынан жексенбілік мектептер, балалар, жасөспірімдер және ересектерге арналған халықтық ансамбльдері бар. Жексенбілік мектептерде балалар мемлекеттік тілді және өз халқының тілін, мәдениетін, тұрмысын үйреніп қана қоймай, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізіледі.

**Павлодар облысы әкімдігі** тіл саясатын Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес жүргізіп отыр. Жыл сайын Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде қазақ тіліне барлық санаттағы азаматтар тегін оқытылады. Биылғы жылы **2495** адам қамтылды. Оның ішінде облыс Қазақстан халқы Ассамблеясынан **30** адам оқытылды.

Жергілікті жерлерде этнос жастары өкілдерінің арасында қазақ тілін этносаралық қатынас тіліне айналдыру үшін өзінің ана тілімен қатар қазақ тілін жетік меңгеру, оның қолданыс аясын кеңейту, жетік меңгерген азаматтарды үлгі ету мақсатында облыс аумағында әлеуметтік желілерде «Тілге құрмет – елге құрмет» челленджі және «Мен қазақша сөйлеймін!» акциясы ұйымдастырылды. Аталған іс-шараларға облыс бойынша 80-нен астам этнос өкілі қатысып, түсірілген бейнематериалдары әлеуметтік желілерде жарияланды. Сонымен қатар 2-жартыжылдықта жастар арасында Тіл шебері, Тіл парасат, Тілдарын конкурстары мен Абай оқулары ұйымдастырылады.

**Маңғыстау облысы әкімдігінің** ақпаратына сәйкес облыста жалпы білім беретін **141** күндізгі мектеп бар, оның **119** қазақ тілінде (84,5%), **5** орыс (3,5%), **17** аралас (12%) тілде білім береді. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес барлық мектептің білім беру жоспарына қазақ тілі пәні енгізілді.

Балабақшалар саны – **324**. Оның **258** қазақ, **14** орыс, **52** аралас тілде тәрбие береді. Барлық балабақшаларда қазақ тілінде шаралар өткізіледі. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады.

Республикалық «Мен қазақша сөйлеймін!» акциясына қатысуға шақыру, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Қазақ тілі әліпбиінің латын графикасына көшуін ескере отырып, жалпы орта білім беру ұйымдарының педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарынан **195** мұғалім өтті.

Облыстағы білім беру жүйесіндегі мектепке дейінгі, орта және арнайы орта оқу орындарының қамтылуымен мемлекеттік тілдің беделін, сұранысын арттыруға, қазақ тілінде сөйлеуге ынталандыруға, насихаттауға және оның қолданыс аясын кеңейтуге бағытталған **8** іс-шара өткізілді.

Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Маңғыстау облыстық филиалы тарапынан мемлекеттік қызметшілерге «Латын әліпбиі және ресми жазылым: мемлекеттік тілде іс-қағаздарын жүргізу» тақырыбында семинарлар мен дәрістер өткізіліп, **180** мемлекеттік қызметшіге сертификаттар табысталды.

Сондай-ақ, кәсіпкерлік саласында тіл туралы заңнама талаптары сақтау мәселелеріне арналған **2** онлайн семинар өтті. Аталған онлайн семинарға облыстағы кәсіпкерлер, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының бөлімшесінің жауапты мамандары, облыстың тілдерді дамыту және ономастика саласының мамандары, бөлім басшылары мен басқарма мамандары қатысты. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мақсатында «Tilalemi.kz» порталы, «Atau.kz» ономастикалық электронды базасы, «Emle.kz» орфографиялық электронды базасы, «Termincom.kz» электронды базасы, «Tilmedia.kz» үш тілді сайты, балаларға арналған «Бала тілі» («balatili.kz») және барлық сала құжаттарының қазақша үлгісі мен қатесіз толтыру нұсқаулығы берілген «Құжат» («Qijat.kz») сайттарын пайдаланып, білім алу жөнінде түсіндіру-насихаттау жұмыстары жүргізілуде.

### ***3. Ел Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын берік ұстану, халықпен жұмыс істеу тәсілін нығайту бойынша***

***Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің*** ақпаратына сәйкес бүгінгі таңда «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру аясында төмендегідей іс-шаралар қабылданды.

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінде Өтініштерді қарауды бақылау бөлімі мемлекеттік органдардың өтініштерді қарау сапасын бақылайды. Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында қоғамдық онлайн-қабылдау бөлмелері құрылды (*4 сервиспен – «Өтініш жазу», «Басшының блогы», «Азаматтарды қабылдау кестесі», «Сұрақ қою»*). Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасы іске қосылды (gov.kz), ол мемлекеттік органдардың сайттарын біріктіреді және мемлекеттік органдардың ақпараты мен сервистеріне қол жеткізудің бірыңғай нүктесін білдіреді.

Көптеген өңірлерде «109» бірыңғай байланыс орталықтары, сондай-ақ халықпен кедергісіз коммуникация және «бір терезе» қағидаты бойынша қызметтер мен консультациялар көрсету мақсатында фронт-офистер жұмыс істейді.

Орталық атқарушы органдар басшыларының және әкімдердің халыққа есеп беру кездесулерін өткізу тәртібі қайта қаралды. Енді міндетті түрде «ҚазАқпарат» сайтында және мемлекеттік органның әлеуметтік желілердегі ресми akkaунттарында онлайн-трансляция арқылы көрсетілетін болады.



Сонымен қатар «Халықтың бюджетке қатысу» жобасы іске асырылуда, ол азаматтардың жергілікті бюджетті бөлуге тікелей қатысуын көздейді.

«Қазақстан Жаңа нақты ахуалда: іс-қимыл уақыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмаларға сәйкес, азаматтардың реформалар мен ұсыныстарға бастамашылық ету үшін петиция институтын, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордың қоғамға ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз етуге арналған қоғамдық бақылау институтын енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Өткен жылдың соңында «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңға түзетулер енгізілді. Негізгі новелла - ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органды, сондай-ақ әрбір мемлекеттік органда ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі уәкілетті тұлғаны немесе бөлімшені айқындау.

А.ж. 12 наурызда Мемлекет басшысы норма шығару процесін жетілдіруге бағытталған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне норма шығаруды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды.

Жалпы, консультативтік құжаттың және нормативтік құқықтық актілер жобаларының қоғамдастығымен заң талқылаудың 3 әдісін анықтайды:

- «Ашық НҚА» порталында талқылау - онлайн пікір білдіру арқылы азаматтар өз ескертулерін және (немесе) ұсыныстарын білдіре алатын қолданыстағы тәртіп;
- көпшілік тыңдаулар - азаматтарға реттелетін сала бойынша өз көзқарасын «дауыспен» білдіруге мүмкіндік беретін қоғамдық талқылау тәсілі;
- пікірталас екі тарап арасында талқыланатын мәселе бойынша пікір алмасуға мүмкіндік береді (негізделген сенім арқылы).

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру және жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау және олармен жұмыс істеу бойынша мемлекеттік органдардың бірыңғай ақпараттық ортасын қалыптастыру мақсатында «Е-өтініш» ақпараттық жүйесін және «Нәтиже» орталықтарын енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Мемлекеттік органдар өзекті мәселелер бойынша әлеуметтік желілерде брифингтер мен тікелей эфирлер өткізеді.

Орталық мемлекеттік органдардың бірінші басшылары және барлық деңгейдегі әкімдер азаматтарды жеке қабылдауды тұрақты негізде, оның ішінде «Nur Otan» партиясының қоғамдық қабылдау бөлмелерінің жұмысы шеңберінде жүргізеді.

Бүгінгі күні ҚР Мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының жобасы әзірленді.

**Мәдениет және спорт министрлігі** «Жиі қойылатын сұрақтар» бөлімін мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында өзекті ақпаратпен уақтылы толтырып отырады.

Министрдің блог-платформасына 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап осы уақытқа дейін **289 өтініш** келіп түсті. Олардың 287-не жауап берілсе, 2-ы қарастырылуда. Өтініштердің мазмұнын талдау барысында Министрлік қызметіне қатысты ешқандай резонанстық жағдай байқалмады.

А.ж. 1-жартыжылдығында Министрліктің басшылығымен **28 азамат** қабылданды (оның ішінде «Nur Otan» партиясының республикалық қоғамдық қабылдауы арқылы 12 азамат), 2 өтініш бойынша оң шешім қабылданса, 26 өтінішке түсініктеме берілді.

2021 жылдың 14 мамырында ҚР Президент жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында министрмен «ҚР Мәдениет және спорт министрінің халық алдында есеп беру кездесуі», мамыр-маусым айларында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында **8 брифинг** ұйымдастырылды.

**Әділет министрлігінің** ақпараты бойынша «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының идеясы азаматтардың барлық сындарлы сұраныстарына жедел және тиімді жауап беру, билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату болып табылады.

Азаматтардың құқықтары мен мүдделерін іске асырудың басты құралы олардың жазбаша немесе жеке өтініштері болып табылады.

Өтініштерді сапалы қарау, халықпен тиімді кері байланысты қамтамасыз ету, проблемалық мәселелерді шешу бойынша шаралар қабылдау мақсатында Министрлік бірқатар іс-шаралар қабылдады.

Әділет органдарына келіп түсетін жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне жауаптар дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдар қабылданды. Тұрақты негізде Министрлік басшылығы да, құрылымдық бөлімшелер басшылары да азаматтарды қабылдайды.

Жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауға жүргізілген талдау ағымдағы жылдың 6 айында Департамент басшыларының жеке қабылдауында **827** өтініш білдірушіні қабылдағанын, Министрлік басшылығының жеке қабылдауында **81** азаматты қабылдағанын көрсетті.

Сонымен қатар, есепті кезеңде жеке және заңды тұлғалардан барлығы **8 110** өтініш түсті, соның ішінде **6 756** өтініш жеке тұлғалардан және **1 354** өтініш заңды тұлғалардың өкілдерінен, оның ішінде орындалғаны – **7607, 503** өтініш орындалуда.

**Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің** ақпаратына сәйкес 2020 жылдың қорытындысы бойынша Министрліктің орталық аппаратына **32 345** өтініш түсті (2019 жылы 28 772 өтініш, 2018 жылы 9 727 өтініш), 2020 жылы **119** адам жеке қабылдауда болды (2019 жылы 594 адам, 2019 115 адам).

Тәжірибе көрсеткендей, соңғы үш жылда Министрлікке түсетін өтініштер саны үш есеге ұлғайған.

Бұл ретте, Министрліктің сайтында «Онлайн қабылдау» бөлімі құрылған, онда қазіргі уақытта «Өтініш жазу», «Басшының блогы», «Қабылдауға жазылу», «Сұрақ-жауаптар» рубрикалары бар.

Осылайша, Министрлік «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын табысты іске асыруда.

**Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінде** баспасөз қызметі БАҚ пен әлеуметтік желілерді, жалпы ақпараттық кеңістікті үнемі

мониторингілеп отырады. Сыни материалдар болған жағдайда, жариялаған БАҚ-мен дереу өзара әрекеттесіп, уақытылы түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

А.ж. Министрлік қызметінің негізгі бағыттары бойынша ақпараттық кеңістікте арандатушылық резонансты материалдар орын алған жоқ. Анықталған жағдайда жыл басында бекітілген Дағдарыстық жағдайларға дер кезінде ақпараттық әрекет ету алгоритміне сәйкес жұмыс жүргізіледі.

Елдегі және өңірлердегі жедел мәселелер бойынша Твиттердегі Министрдің жеке парағы, Facebook-тегі ресми парағы, Телеграмм-арнадағы аккаунт, Министрлік басшылығының, құрылымдық комитеттердің Facebook-те жеке аккаунттары, WhatsApp – мессенджерге шығатын ұялы телефон нөмірі, Министрліктің инстаграмдағы парақшасы жұмыс істейді. Әлеуметтік желілерге келіп жатқан арыз-шағымдар бойынша шұғыл жұмысты ұйымдастыру ісі қолға алынған.

Министр М.М. Мырзағалиевтің Блог-платформасына 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап осы уақытқа дейін **274 өтініш** келіп түсті. Олардың 248-не толық жауап берілсе, 26-ы қарастырылуда. Бұдан бөлек, халықтың ой-пікірі мен ұсыныстары үшін Министрлік қызметі бойынша **4** интернет-конференция мен **3** сауалнама, әлеуметтік желілерде **16** тікелей эфир өткізілді.

Министрлік қызметінің негізгі бағыттары бойынша қоғамда, әсіресе өңірлерде туындауы ықтимал резонанстық мәселелерді қоғаммен бірлесе отырып, ақпараттық әрекет ететін белгілі қоғам қайраткерлері, үкіметтік емес сектордың өкілдері кіретін сарапшылар тобы белсенді жұмыс жасауда.

Бұдан бөлек, халықпен кері байланысты нығайту мақсатында Министр М.Мырзағалиев өңірлерге барып, жұртшылықпен кездесіп, экология саласының өзекті мәселелерін талқылап, бірлесіп шешу жолдарын пысықтап отырады. Ол жөнінде БАҚ-та, Министрліктің интернет-ресурсында, әлеуметтік желілердегі аккаунтарында материалдар үнемі жариялануда.

Жалпы, қоғамда болуы ықтимал кереғар жағдайлардың алдын-алу бойынша БАҚ-та тиісті жұмыстар жүргізілуде.

*Ауыл шаруашылығы министрлігінің* ақпаратына сәйкес «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру барысында жүйелі жұмыстар жүргізуде. 2021 жылдың басынан қазіргі уақытқа дейін Министрліктің ашық үкімет порталына азаматтардан **426 өтініш** келіп түсті. Оның 417-іне дәлелді негізде жауаптар берілсе, **9** өтінішке жауап әзірлену үстінде.

А.ж. бірінші жартыжылдық бойынша Министрліктің басшылары **33 азаматты** қабылдады. А.ж. 19 мамырда онлайн режимде Министр С.К. Омаров елорда және Ақтау қаласының азаматтарын жеке мәселелері бойынша қабылдады. Министрдің онлайн қабылдауында өтініш берушілерге құқықтық негізде мемлекеттік қолдау шараларын алу мүмкіндіктері түсіндірілді.

«Ашық нормативтік-құқықтық актілер» порталында **96** нормативтік құқықтық акті орналастырылды, оның ішінде 28 қаулы, 1 заң, 64 бұйрық, 1 тұжырымдама.

Министрлік тарапынан әзірленетін барлық нормативтік құқықтық актілердің жобалары мемлекеттік органның ресми интернет ресурсында ашық

нормативтік құқықтық актілердің интернет (Ашық НҚА) порталында, және әлеуметтік желілерде жарияланып отырады.

*Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің* ақпараты бойынша азаматтардан келіп түсетін өтініштерді қарау барысында ҚР Президентінің тапсырмасына орай іске асырылып жатқан «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын ұстанады. Бекітілген қабылдау кестесіне сәйкес, Министрлік басшылары азаматтарды жеке қабылдап, көтерілген мәселелер бойынша нақты, объективті шешімдер қабылданады.

Азаматтарды қабылдау кестесі тоқсан сайын Министрліктің сайтында, «электрондық үкімет» веб-порталында, «Transport Tower» әкімшілік ғимаратының 1-қабатындағы ақпараттық стендта орналасқан.

А.ж. 1 жартыжылдығында Министрліктің басшылығымен **76 азамат** қабылданды, оның ішінде «Nur Otan» партиясының республикалық қоғамдық қабылдауы арқылы 12 азамат қабылдауда болды. 6 өтініш бойынша оң шешім қабылданса, 70 өтінішке түсініктеме берілді.

Барлық қабылданып жатқан шаралар халықтың өтініштерін объективті қарауға және мүдделерін ескере отырып, тиімді кері байланыс құруға бағытталып отыр.

*Энергетика министрлігінде* азаматтардың 8 сала бойынша арыз-тілектеріне жедел жауаптар беріліп, дер кезінде қолданыстағы заңнама шеңберінде ден қойылуда.

Бұл мақсатта бұқаралық ақпарат құралдарында және басқада ашық деректер көздерінде Министрліктің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша оқиғалар мен резонансты жағдайлар жөніндегі жарияланымдарға ден қою алгоритмі келесі ретте жүзеге асырылады:

1. ҚР ЭМ Ақпарат және коммуникациялар басқармасы жетекшілік ететін қызмет салалары бойынша БАҚ-тарда және өзге ашық көздерде материалдарды анықтау мақсатында медиа кеңістікке күнделікті талдау мен мониторинг жүргізеді;

2. *Жетекшілік ететін салаларда оқиғалар мен резонансты жағдайлар туралы материалдарды анықтаған жағдайда уәкілетті басқарма (баспасөз қызметі) олар туралы мемлекеттік органның бірінші басшысын хабардар етеді. БАҚ-қа ресми ақпаратты Ақпарат және коммуникация басқармасы таратады. Негізгі спикерлер мемлекеттік органның бірінші басшысы, жетекшілік ететін вице-министрлер мен анықталған мүдделі тараптар қатарынан құрылған дағдарыс топ сарапшылары (мақсатты топ) болып табылады. Негізгі түсіндіру жұмыстары алғашқы 1-2 сағат ішінде жүргізіледі.*

3. *Жағымсыз материалдар, оқиғалар және резонансты жағдайлар бойынша түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру кезінде барлық мүдделі тараптармен (мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар, компаниялар, аймақтық мемлекеттік кәсіпорындар, квазимемлекеттік сектор) бірлескен жұмыс жүргізіледі. Алғашқы екі сағат ішінде БАҚ-қа және басқада ашық ақпарат көздеріне ағымдағы жағдайды және мемлекеттік орган қабылдаған шараларды ескере отырып, жалпы сипаттағы ақпараттық баспасөз хабарламасы жіберіледі.*

4. *Түсіндіру жұмыстары жағдайға байланысты келесі реттегі коммуникация құралдарымен жүзеге асырылады: брифинг, пресс-конференция, баспасөз хабарламасы және сұхбат. Пресс-конференция мен брифингтер ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметтерінің алаңында, сондай-ақ оның аумақтық коммуникациялар қызметінде өтеді.*

Сонымен қатар, халықпен тұрақты тиімді кері байланыс орнату және азаматтардың проблемалық мәселелеріне жедел жауап беру, сондай-ақ сұраныстардың кешіктірілуі мен қайтарылуын талдау үшін әлеуметтік желіде (*Instagram, Facebook*) ашық және қол жетімді арнаны енгізу мүмкіндігі қарастырылған.

Министрлік әлеуметтік маңызды мемлекеттік бағдарламалар, заң жобалары мен қызметіне байланысты басқа да енгізілетін жаңалықтар бойынша халық үшін ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын танымал *Instagram* ([https://www.instagram.com/ministry\\_of\\_energy/](https://www.instagram.com/ministry_of_energy/)), *Facebook* и *Telegram* (<https://t.me/Minenerqokz>) әлеуметтік желілердегі Министрліктің ресми парақшалары арқылы және Министрліктің интернет-ресурсында белсенді түрде жүргізеді.

*Instagram* және *Facebook* желілеріне азаматтардан түсініктемелер түседі, *Facebook* желісіне Министрлік жариялаған жаңалықтарға түсініктеме ретінде хабарлама немесе түсініктеме ретінде түсініктемелер түседі. Министрліктің әлеуметтік желілеріндегі парақшаларына азаматтардан келіп түсетін сұрақтарға 1-2 күнде жауаптар беріледі.

Министрліктің ресми интернет-ресурсында орналасқан «Жиі қойылатын сұрақтар» атты тарауы бойынша Министрліктің барлық әлеуметтік парақшалары арқылы (*Facebook, Instagram, Telegram*) алға жылжыту жұмыстары жүргізілуде. Аталған тарауда Министрлік жетекшілік ететін сала бойынша үлгілік сұрақтарға жауаптар қарапайым тілмен жазылып, жарияланып отырады.

Бұдан басқа, Министрлік «Электрондық үкімет» порталының «Ашық диалог» компонентінде белсенді түрде сауалнамалар жүргізіп, интернет-конференциялар өткізіп тұрады және Министрдің блог порталына жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен сұрақтарға жауаптар дер кезінде заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес беріледі.

Екіжақты сұрақ-жауап алмасу алаңы ретінде 2020 жылдан бастап Министрліктің Энергетика министрлігі DIRECT ([https://t.me/minenergy\\_kz](https://t.me/minenergy_kz)) атты екінші телеграм каналы қосылды. Қазіргі уақытта қатысушылардың саны – 386. Бұл жерде парақшаға жазылған азаматтар өз сұрақтарын Министрлікке тікелей жолдап, әкімшілік кедергісіз жауаптарын 1-2 күн ішінде ала алады.

Сонымен қатар халықпен кері байланыс орнату және сала мәселелеріне уақтылы ден қоюға және қабылданатын шаралар мен бастамалардың тиімділігін қадағалап отыру мақсатында Министрліктің ресми сайтында «Сұрақ-жауап» бөлімі жұмыс істеуде. Осы сервистің көмегімен Министрліктің қызмет саласы шегінде санаттар бойынша тұрғындар өздерінің өзекті сұрақтарын қоя алады. Сілтеме <https://www.gov.kz/memleket/entities/energo/virtual-reception/1?lang=kk>. Ресми сайтқа келіп түсетін сұрақтарға заңнамада белгіленген мерзімдерде мемлекет немесе орыс тілдерінде (өтініш берілген тілде) жауаптар берілді.

Министрліктің БАҚ-та, әлеуметтік желілер мен мессенджерлердегі келеңсіз сипаттағы ақпаратқа жедел ден қоюын қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі бекіткен

қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық салаларда дағдарыстық жағдай туындаған кездегі жедел хабардар ету және ақпараттық ден қою алгоритміне сәйкес жүргізеді.

Жоғарыда аталған Алгоритм негізінде 2020 жылдың 6 мамырында Министрліктің құрылымдық бөлімшелері арасындағы өзара іс-қимыл регламенті бекітілді.

*Денсаулық сақтау министрлігі* ақпаратына сәйкес 2020 жылдың 1 қаңтарынан 2020 жылдың 30 желтоқсанына дейінгі кезеңде ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне 18573 өтініш түсті, оның ішінде:

- ҚР Президенті Әкімшілігінен – 1426;
- Премьер-Министр Кеңесінен – 194;
- ҚР Президентінің виртуалды қабылдауы бойынша-733;
- ҚР ДСМ ресми интернет-ресурсына 2248 өтініш түсті;
- ҚР Денсаулық сақтау министрінің «Ашық диалог» порталының блог-платформасына-3888 өтініш;
- жеке және заңды тұлғалардан-10381.

Сонымен қатар, қоғамдық қабылдаумен азаматтармен 16 қабылдау ұйымдастырылды, онда Министрлік басшылығымен 97 азамат қабылданды, оның ішінде Маңғыстау облысынан өңірлік топ (8 адам) қабылданды.

Статистикаға сәйкес 2019 жылы 10224 өтініш тіркелген, бұл келіп түскен өтініштердің 2 есеге жуық артқанын көрсетеді.

*Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінде* мазмұны бойынша келіп түскен өтініштер E-gov порталы, 1414 байланыс орталығы, Ashyq ақпараттық жүйесінің жұмысына, азаматтарға қызмет көрсету, ақпараттық қауіпсіздік, интернет, ақпараттандыру, цифрландыру және коммуникация мәселелерін қозғайды.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2019 жылғы 13 мамырдағы № 79-ө бұйрығына сәйкес Министрлік басшылығының азаматтарды қабылдау кестелері тоқсан сайын бекітіледі және МОИП-та орналастырылады.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің COVID-19 таралуының алдын алу жөніндегі ұсынымы бойынша (2020 жылғы 20 наурыздағы №10-24/1177//20-1241), азаматтарды «оффлайн» режимінде қабылдау уақытша тоқтатылды.

Осыған байланысты, азаматтарды қабылдау Zoom платформасында онлайн режимінде бекітілген кестеге сәйкес жүзеге асырылады, ағымдағы жылғы **6 айда** Министрлік басшылығының жеке қабылдауында **41** азамат болды.

Сондай-ақ, жыл басынан бері Министрлікке Қазақстан Республикасы Президентінің Виртуалды Қабылдау бөлмесінен (ҚР ПӘ, ҚР ҚПМ арқылы) орындауға **38** өтініш жіберілді, оның **37**-сі орындалды, **1** өтініш орындалуда.

А.ж. 1 ші жартыжылдығында ЦДИАӨМ спикерлерінің қатысуымен **8** брифинг/баспасөз конференциясы, министр Б. Мусиннің халықпен 1 есеп беру кездесуі, IT саласының өкілдерімен, ауыл тұрғындарымен және т.б. **8** кездесу/диалог/брейнштурм өткізілді: БАҚ – та 975 жарияланым, ЦДИАӨМ-нің ресми сайтында - 44, ЦДИАӨМ-нің әлеуметтік желілердегі ресми аккаунтында-44

жарияланым орналастырылды. министрдің блогына түсті (*портал арқылы egov.kz «Ашық диалог» бөлімі*) **788** өтініш, оның ішінде **725** жауап берілді.

**Ұлттық экономика министрлігінде** 2021 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (*бұдан әрі – Кодекс*) қолданысқа енгізілді.

Кодекс мемлекеттік органдармен арыздарды қарау кезінде азаматтардың құқықтарын қорғауды реттеуге басымдылық берілген.

**Батыс Қазақстан облысы әкімдігімен** халықпен конструктивті диалог орнату, мемлекеттік органдардың ашықтығы мен транспаренттілігін қамтамасыз ету мақсатында жергілікті атқарушы органдармен нақты іс-шаралар жүргізілуде.

Облыстың барлық деңгейіндегі әкімдердің халық алдындағы есеп беру шаралары жыл сайынғы негізде жүргізілуде. Бүгінгі таңда эпидемиологиялық жағдайға байланысты аталмыш кездесулердің басым бөлігін онлайн түрде жүргізілді.

Бүгінгі күні дер кезінде ақпаратпен алмасу және диалог орнату алаңдары болып әлеуметтік желілер саналады. Қазіргі таңда облыс бойынша әлеуметтік желілерде барлық деңгейдегі аудандық және қалалық әкімдердің жеке аккаунттары тіркелген (*Facebook*) және әкімдіктердің ресми парақшалары ашылып, жұмыс жасауда. Аталған парақшалар арқылы тұрғындарға қажетті ақпарат жеткізуге және олардың сауалдарына жауап беруге мүмкіндік береді.

«Smart City» шеңберінде тұрғындардың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы өтініштеріне дереу әрекет ету мақсатында «iKomek109» бірыңғай call-орталығы тұрғындарымызға тәулік бойына қызмет етеді.

**Манғыстау облысы әкімдігінде** Ел Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекеттік» тұжырымдамасының талаптарын берік ұстана отырып, өз өтініштерімен жүгінген әрбір тұлғаға қолданыстағы заңнама нормалары бойынша толыққанды түсіндірмелер мен бағыт – бағдар беріліп, көзделген мерзімде өтініш иелеріне сапалы жауаптар ұсынылып отырады. Қажет болған жағдайда өтініш беруші тұлғалармен жеке тілдесіп, мәселелерінің оң шешімін тауып, мүмкіндігінше қанағаттандыру мақсатында тиісті жұмыстар жүргізіледі.

**Түркістан облысы әкімдігімен** «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларының, сондай-ақ «Мемлекеттік органның ашықтығы» бағыты бойынша мемлекеттік органдар қызметтерінің тиімділігін бағалаудың нәтижелері бойынша нормативтік құжаттар әзірленіп, «Ашық үкімет» интернет-порталдары мен мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында ақпаратты уақытылы және сапалы толтыру, өзектендіру бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде. Түркістан облысы әкімдігінің «Ашық деректер тізбесін бекіту туралы» 2020 жылғы 2 сәуірде № 77 қаулысы бекітілді.

Облыстық басқармалар мен аудан, қала әкімдіктерінің ақпараттарын орналастыру және өзектендіру бойынша қадағалау жұмыстары облыс әкімі аппараты тарапынан бақылауға алынған. Түркістан облысы 2020 жылдың

қорытындысымен «Мемлекеттік органның ашықтығы» бағыты бойынша жалпы **87,08 %** пайыздық көрсеткішке қол жеткізді.

Түркістан облысы әкімдігіне 2021 жылдың 6 – айдың қорытындысымен жеке және заңды тұлғалардан **1873 өтініш** түскен. Азаматтардың көпшілігі көтеретін жүйелі мәселелердің (*жер, құрылыс, баспана, коммуналдық қызмет, әлеуметтік, денсаулық, білім, ауыл шаруашылығы*) негізгі себептеріне талдау жүргізіп, шешу жөнінде аудан, қала әкімдері мен басқармалар басшыларына нақты тапсырма берілді.

Сонымен қатар, ай сайын жергілікті тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық талап-тілектерін дер кезінде және әділ шешу мақсатында «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы облыстық маслихат депутаттарымен бірге мемлекеттік мекеме басшыларын қарастыра отырып, облыс тұрғындарына ашық әрі көшпелі қоғамдық қабылдау өткізілуде.

Сондай-ақ, облыс тұрғындарының өзекті мәселелері мен өтініштерін шұғыл қабылдау мақсатында, облыс әкімі аппаратында, аудан, қала әкімдіктері мен басқармаларда арнайы «Сенім телефондары» құрылып, жауапты қызметкерлер бекітілген.

Тұрғындардың сауалдарына шұғыл жауап беру үшін арнайы «Call–орталық» бар. «Call – орталық» 109 нөмірі арқылы тәулік бойы 24/7 форматта жұмыс атқаруда. 2020 жылдың 23 наурыз бен 2021 жылдың 1 мамыр айы аралығында **154145 қоңырау** түскен, **2851 арызды** өңдеп, арыз иесіне кері байланыс жасалды. Қоңыраудың ең көп түскен айы – сәуір, мамыр айлары (59535 қоңырау). Сәуір-мамыр айларындағы ең бірінші мәселе – мемлекет тарапынан халыққа берілген әлеуметтік көмек 42500 тг. және коммуналдық жәрдемақы 15000тг, Nur Otan «Біз біргеміз» атты фондтық қордан 50000 тг. көмек, Мақтаарал апаттық жағдайға байланысты көмек түрлері.

Жыл ағымындағы арыз, шағым – өтініштердің ең көп таралған түрі – Тұрғын үй коммуналдық-шаруашылық (ТҮКШ) бөлімі, ТҮКШ бөлімі арыздың 73% құрайды. Жиі көтерілетін тақырыптардың бірі халықты жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалары жөнінде 25%-ын қамтиды.

Бүгінгі таңда, аудан, қалаларда іске асырылып жатқан жұмыстар мен іс-шараларды халық бағалайтын «**Qamqor Azamat**» жобасы арнайы платформада жұмыс жасауда.

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі** ақпараты бойынша 2021 жылдан бастап жалпы сомасы 18 615 мың теңгені құрайтын **38** қайырылымдық акция ұйымдастырылып, **3210** адамға және «Біз біргеміз!», «Мектепке жол» қайырымдылық акциялары шеңберінде көп балалы, аз қамтылған отбасыларға, мүгедек балаларға, жалғыз басты адамдарға көмек көрсетілді.

«Мың алғыс!» республикалық акциясы аясында волонтерлер, кәсіпкерлер, қалалық Ассамблеяның жастар қанаттарының мүшелері 45 мұқтаж отбасыға және медицина қызметкерлеріне жалпы сомасы 800 мың теңгеге ет таратуды ұйымдастырды.

Дін істері басқармасы, «Астана жастары» КММ, «Нұр Астана» мешітімен бірлесіп, жергілікті медицина қызметкерлеріне 8100 порция ыстық тамақ



таратылды. Тегін тамақтандырумен 2700 қызметкер қамтылған **12** стационар қамтылды.

Елорданың Аналар кеңесі көпбалалы отбасыларды қолдау бойынша үлкен жұмыс жүргізуде, оның маңызды бағыты әлеуметтік кәсіпкерлікті іске асыру болып табылады. Аналар кеңесі «Aidyn Nury қайырымдылық қоры» жеке қорының қолдауымен ұйымдастырған «Ана Time» жобасын іске асыру жалғасуда. Бүгінгі күні **120** көпбалалы әйелдер үйде кәсіпкерлікке оқытылды.

2021 жылғы 27 ақпанда халықтың әлеуметтік осал топтарына: көп балалы, аз қамтылған отбасыларға, мүгедек балаларға көмек көрсету бойынша қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. 70 азық-түлік жиынтығы жеткізілді, оған қалалық Ассамблеясының еріктілері, «Парасат» қайырымдылық қызметін үйлестіру орталығының, Аналар кеңесінің мүшелері қатысты.

Instagram, Facebook әлеуметтік желілерінде Наурызды тойлауға арналған 17-20 наурыз аралығында «Бауырсақ party» өтті, ЭМБ бауырсақ дайындау бойынша #BAURSAKPARTYANK бейне челленджіне қатысты. «Қазақстан – Берекелі шаңырақ» қайырымдылық акциясының жалғасы ретінде игі істер марафоны аясында қала Ассамблеясының еріктілері елорда тұрғындары мен қонақтарына дайындалған бауырсақтарды (570 дана) таратып, мұқтаж көпбалалы отбасыларға **30** азық-түлік себетін жеткізді.

**4. Биыл Тәуелсіздіктің 30 жылдығына тұсна тұс келіп отырған жыр алабы Жамбылдың -175, Алаш арысы Әлихан Бөкейхановтың – 155, күш атасы Қажымұқанның – 150 жылдығы тағзы да басқа бірнеше тарихи тұлғаның мерейтойы Тәуелсіздіктің 30 жылдығына тұсна тұс келіп отыр.**

**Мәдениет және спорт министрлігімен Жамбыл Жабаевтың 175-жылдық мерейтойына бастау берілді.** Мемлекеттік комиссия отырысында **Жалпы республикалық іс-шаралар жоспары** бекітілді. Мерейтойлық жыл ішінде республика бойынша **80**-нен астам әлеуметтік, ғылыми және танымдық іс-шаралар өтетін болады. Олардың ішінде ақын өмірінен фильмдер түсіру, оның өлеңдерінің жаңа жинақтарын шығару, кітап көрмелерін ұйымдастыру, мерейтойлық монета мен пошта маркасын әзірлеу және т. б.

Аталған жоспарға сәйкес Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына арналған мерейтойдың бірыңғай символы бар брендбук әзірленіп бекітілді, пошта маркасының эскизі әзірленіп келісілді, «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» сериясынан «JAMBYL. 175 JYL» коллекциялық монеталарын шығару жұмыстары жүргізілуде.

Темір жол рейстерінде Жамбыл өлеңі бойынша музыкалық туындыларды трансляциялау ұйымдастырылуда.

Тәуелсіздіктің 30-жылдығы аясында аты аңызға айналған қазақ палуаны **Қажымұқан Мұңайтпасұлының 150 жылдық мерейтойының салтанатты ашылу рәсімі өтті.** 78 маңызды іс-шаралардан тұратын **Жалпыреспубликалық іс-шаралар жоспары** бекітілді (*ҚР Мәдениет және спорт министрінің бұйрығы*). Олардың ішінде *Нұр-Сұлтан қаласында Қажымұқан Мұңайтпасұлының монументін орнату, «Қажымұқан» толық метражды көркем фильмінің тұсаукесері, халықаралық және республикалық турнирлер өткізу, сондай-ақ,*

Токио қаласында өтетін жазғы Олимпиада және Паралимпиада, Түркиядағы IV Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында қазақтың ұлы балуанына арналған халықаралық көрмелерді ұйымдастыру жоспарлануда.

7 сәуірде палуанның туған күніне орай еліміздің өңірлерінде спорттық-бұқаралық іс-шаралар ұйымдастырылды. *Ақмола облысының Қажымұқан ауылында* спорт кешенінің іргетасын қалау рәсімі өтті. Күш жаттығулары бойынша әлемнің төрт дүркін рекордшысы – Мәдениет және спорт министрлігінің амбассадоры *Сергей Цырульников* калибрленген тағаларды кеңейту бойынша Гиннестің әлемдік рекордын жаңартты. Сонымен қатар, *Нұр-Сұлтан қаласындағы «Жас батыр»* спорт кешенін «Қажымұқан» деп қайта атау бойынша жұмыстар жүргізілуде, *Павлодар облысында #Ұлы* дала батырымен бір толқынында челленджі, *Солтүстік Қазақстан облысында «Атақты қазақ балуаны»* кітап-иллюстрациялық көрмесі өтті.

*Солтүстік Қазақстан облысында* қазақ ақыны Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойы жоспары әзірленді, оған **120**-дан астам білім беру-ағарту іс-шаралары, оның ішінде кітапханалардағы көрмелер, мәнерлеп оқу конкурстары, ашық сабақтар, әдеби-музыкалық кештер, конференциялар, ақын шығармалары бойынша сурет конкурстары кірді.

«Оқу мектебі» жобасы аясында облыс мектептерінде «Тыңда дала, Жамбылды!», Солтүстік Қазақстан кәсіптік-педагогикалық колледжі «Жамбыл Жабаев – человек века» атты әдеби кеш өткізілді.

*Маңғыстау облысы* ақпараты бойынша 2021 жылғы 24 ақпанында Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Г.Қалмұратовамен Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі **өңірлік іс-шаралар жоспары** бекітілді. Жоспарда барлығы 115 шара, а.ж. қаңтар-маусым аралығында 83 шара ұйымдастырылып өткізілді.

Сонымен қатар Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі жалпыреспубликалық жоспарына сәйкес Абай атындағы мәдени-демалыс кешенінде «Ғасырлар үні» байқауы жыр-терме және дәстүрлі аспапта орындаушылар байқауы өтті.

Облыс кітапханалар мен М.Өскенбаев атындағы Маңғыстау облыстық филормониясында Әлихан Бөкейхановтың 155 жылдығы, Қажымұқан Мұнайтпасұлының 150 жылдығы мен Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейтойларына орай танымдық шаралар, жыр кештері ұйымдастырылды.

*Жамбыл облысында* Ж.Жабаевтың 175 жылдығын мерекелеу жөнінде **өңірлік іс-шаралар жоспары** әзірленіп, бекітілген. Облыста 26 ақпанда ақынның ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімі өтті. Маусым айында «Жамбыл – менің жай атым, халық – менің шын атым» республикалық ақындар айтысы өтті, сондай-ақ «Жамбыл оқулары» облыстық байқау, өзге ұлт өкілдері арасында Жамбыл Жабаевтың өлең, жырларын мәнерлеп жатқа оқудан «Жамбыл жырлары» атты республикалық байқау, «Жамбыл – дүлдүл, Кенен – бүлбүл» атты мерекелік концерт, т.б шаралар өткізілуде.

*Атырау облысы* Ғ.Сланов атындағы Атырау облыстық ғылыми әмбебап кітапханасында ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына, «Парасат жолы» орталығы

аясында, Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуын қолдау жылына орай ұлы даланың алып жыршысы Ж.Жабаевтың туғанына 175 жыл толуына орай «Жамбыл менің жәй атым, Халық менің шын атым» атты тақырыппен онлайн көрініс ұйымдастырлды

**Түркістан облысында** жыр алыбы Ж.Жабаевтың -175 жылдығына «**Дәуір жыршысы - Жамбыл**» бейнефильмін дайындап насихаттау бойынша арнайы сценарийлік жұмыстар жүргізілуде.

**Атырау облысы әкімдігінің ақпаратына** сәйкес ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына 90 жыл толуына орай «Мұқағали-мәңгілік ғұмыр» атты онлайн библиографиялық жадынама, 23 сәуір Бүкілдүниежүзілік кітап пен авторлық құқық күніне орай «Кітап-қанат, Жер-жәннат» атты кітап айлығының ашылуына кітап көрмесі, Қаршыға Ахмедировтың туғанына 75 жыл толуына «Тарихты күймен айшықтап» ақпараттық сазды қонақжай ұсынылды. Ділдә Матайқызы Тасмағамбет келінінің «Ұрпағым саған айтам» кітабы бойынша «Тәрбие тал бесіктен» атты тақырыппен әдеби подиум өткізілді.

**4.1. Еліміздегі Қ.Яссауи және Қорқыт ата, Қазбек би, Абай бабаларымыз сияқты және тағы басқа тұлғалар туралы деректі фильмдер түсіру бойынша**

**Мәдениет және спорт министрлігі** Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының бұйрығымен бекітілген 2021 жылғы 5 қаңтардағы «Егемен Қазақстан» республикалық газетінде жарияланған Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы шеңберінде айтылған тапсырмаларының ішінде тарихи тақырыптардағы фильмдердің санын медиа кеңістікте арттыруға ерекше назар аударылғандығын хабарлайды.

2019 жылдың 3 қаңтарында «Кинематография туралы» Заң қабылданып, Министрліктің кино өнері саласындағы саясаты тұжырымдамалық негізде өзгерді. Мәселен, киножобаларды қаржыландыру туралы шешімді уәкілетті орган Сараптама кеңесінің оң қорытындысы және Ұлттық фильмдерді мемлекеттік қаржылық қолдау мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның ұсынымы негізінде қабылдайды.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы (бұдан әрі – Орталық) ашық конкурс жариялау арқылы аталған Кеңес пен Комиссияның қарауына киножобаларды жинақтап енгізеді.

Осы орайда, «Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі» арнайы жобасының аясында, Орталық жыл сайын ұйымдастырылатын іріктеу конкурсында тарихи, өскелең ұрпақты тәрбиелейтін балалар фильміне және тағы да басқа әлеуметтік маңызы бар тақырыптағы киножобаларға басымдық берілетін болады.

Қазақ киносының тарихында қазіргі уақытқа дейін «Қазақ хандығы», «Көшпенділер», «Моңғол», «Томирис», «Әбілқайыр хан», «Сардар», «Кек», «Отырардың күйреуі», «Қан мен тер», «Біржан сал», «Сұлтан Бейбарыс», «Қыз Жібек», «Жау жүрек мың бала», «Құнанбай», «Аманат», «Елбасы жолы»,

«Әміре», «Балуан Шолақ», «Мұстафа Шоқай», «Анаға апарар жол», «Оралман», «Талан» және тағы да басқа көптеген тарихи фильмдер түсірілген.

Бұдан басқа, қазіргі уақытта осы тақырыпқа арналған «Ұлы дала таңы», «Қажымұқан», «Ақын», «Ақ боз үй», «Дос-Мұқасан», «Қыз Жібек: махаббат пен табысқа жетудің рецепті», «Еуразия әміршілері», «Ұлы отан батырлары: Рақымжан Қошқарбаев, Григорий Булатов», «Горящий октябрь 1941» және «Алтын адам» фильмдері өндірісте екенін хабарлаймыз.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының берген тапсырмасына сәйкес, саяси тұрғыдан өзекті тақырыптағы Ахмет Байтұрсынов, Жамбыл Жабаев және Алтын Орда тарихына қатысты жаңа 3 киножоба өндіріске жіберілгенін мәлімдейміз.

**Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен** тұрақты негізде сериалдар, деректі фильмдер, бейнероликтер мен бағдарламалар арқылы түрлі тарихи оқиғаларға қолдау көрсетіліп келеді.

Атап айтқанда, а.ж. тарихи бағыттағы сериалдық өнімдерді шығару бойынша жұмыс басталды, бұл аталған тақырыптың үлесін **30%** - ға арттыруға мүмкіндік береді.

«Qazaqstan» телеарнасының ірі жобалары «*Мұқағали Мақатаев*», «*Қаныш Сәтбаев*», «*Сәкен Сейфуллин*», «*Домалақ ана*», «*Жаһангер (Жәңгір хан)*», «*Ш.Айманов*» және «*М. Мақатаев*» атты Қазақстанның көрнекті қайраткерлері туралы **7 тарихи сериалдың** түсірілімі жүріп жатыр.

«Хабар» телеарнасы «*Қандастар*», «*Бұлбұл*» және «*Қазақстан мен қазақстандықтарды не үшін жақсы көремін-2*» сияқты **3 тарихи сериалын** түсіру бойынша жұмыс басталды.

Мемлекеттік ақпараттық тапсырыс аясында **Ж.Жабаевтың өмірі мен қызметі туралы сериал** шығару жоспарлануда.

Сонымен қатар 2020 жылы «Хабар» және «Qazaqstan» телеарналарымен «**Абай**» сериалдары мен деректі фильмдер өндірісі қамтамасыз етілді.

Рамазан айында қазақ-түрік көрермендері «Qazaqstan» телеарнасында **Қожа Ахмет Яссауидің өмірі мен қызметі туралы «Жұмбақ әлем» хикаясын** тамашалады.

«**Қажымұқан**» анимациялық фильмі 2017 жылы дайындалған. Қазіргі таңда республикалық «Балапан», «Қазақстан», «Асыл арна» және жергілікті телеарналарда көрсетілуде. Сонымен қатар, мекеменің әлеуметтік желілерінде, ютуб каналында насихатталуда.

«**Қажымұқан**» деректі-драмалық фильмді «Қазығұртфильм» киностудиясымен бірлесіп түсірілді. Жақында тұсаукесер рәсімі өтеді.

Қоғам қайраткері Төле би туралы «**Төле би**» телехикаясы (10 сериялы) 2018 жылы «САҚ» киностудиясымен түсірілген. Қазіргі таңда Республикалық, жергілікті теле арналарда сонымен қатар, оффлайн, онлайн форматта мекеменің жоспарына сәйкес әлеуметтік желілерде және «Сапар» туристерге қызмет көрсету орталығындағы кинозалдарында көрсетілуде.

***4.2. Сыртқы істер министрліктері мен елшіліктері арқылы екі елдің ортақ архивтеріне қол жеткізу мәселесіне қатысты бір қатар жұмыстар атқару бойынша***

***Мәдениет және спорт министрлігі*** Өзбекстан Республикасындағы архивтерде жұмыс істеуге, екі елдің ортақ тарихына қатысты материалдармен мұқият танысуға қолайлы жағдай туғызуға ықпал ету бойынша төмендегіні хабарлайды.

Өзбекстан Республикасының мемлекеттік архивімен ынтымақтастық 2007 жылғы 26 маусымда қол қойылған «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі (*бұрынғы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі*) мен Өзбекстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы «Узархив» агенттігі арасындағы архив ісі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім» аясында реттелуде.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі мерзімді негізде қазақстандық мемлекеттік органдарға, зерттеушілерге шетел архивтердегі материалдарға қолжетімділікті ұйымдастыру туралы келіп түскен өтініштеріне өз құзыреті шеңберінде дипломатиялық арналар арқылы қажетті қолғабыс көрсетуде. Мәселен, Атырау облысы әкімдігінің хатына орай, ү.ж. сәуірде зерттеуші Б.Тұрмағамбетоваға Дина Нұрпейісова туралы деректерді жинақтау мақсатында Өзбекстан архивінің материалдарына қолжетімділік қамтамасыз етілді.

Сондай-ақ, еліміздің өткен ғасырлардағы тарихи аса маңызды оқиғалар өзбек тарихына үлкен ықпал етіп, тығыз байланыста болған. Қазақстандықтар туралы кейбір бағалы мәліметтер Өзбекстанның архивтерінде болу ықтималдығы жоғары болғандықтан, аталған мәселені жоғары саяси деңгейде шешуді қажет етуі де мүмкін.

Осы орайда аталған мәселе а.ж. күзіне жоспарланған Өзбекстан Республикасының Президенті Ш.Мирзиёевтің Қазақстан Республикасына ресми сапары кезінде екі елдің архив ісі саласындағы ынтымақтастығы туралы талқыланатын болады.

***5. 26 жыл бойы үлкен идеологиялық жұмыс жүргізіп келе жатқан Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі барысында қол жеткізілген жұмыстардың нәтижелерін көрсету бойынша***

***Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі*** Қазақстан халқы Ассамблеясының мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы шеңберінде, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті қамтамасыз ету мақсатында идеологиялық жұмыстарды іске асыруда.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес, ҚХА-ның мүшелерінің, орталық мемлекеттік органдардың өкілдерінің, қайырымдылық қорлардың, этномәдени бірлестіктердің, үкіметтік емес ұйымдардың және т.б. қатысумен Тәуелсіздіктің 30 жылдығына және Алғыс айту күнінің 5 жылдығына арналған форум

ұйымдастырылды. Форумда «Қайырымдылық керуені: 30 игі іс» қайырымдылық марафоны барлық өңірде бастау алды.

А.ж. 28 сәуірде Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың төрағалығымен, ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың қатысуымен «Бірліктің, татулық пен келісімнің 30 жылы» күн тәртібіндегі ҚХА-ның ХХІХ сессиясы (*бұдан әрі – Сессия*) онлайн-форматта өтті. Сессия барысында ҚХА-ның алдына қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті одан әрі нығайту бойынша бірқатар нақты міндеттер қойылды.

Сонымен қатар, ҚХА-ның «Тұңғыш Президент жолымен – бейбітшілік пен келісімге 30 жыл» халықтық экспедициясы/Теле-экспедициясы» (*бұдан әрі - Теле-экспедиция*) жобасын іске асыру бойынша Жол картасы әзірленді. Теле-экспедиция Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде Елбасының бейбітшілік пен келісім саясатының қалыптасуы мен даму үрдісін әрбір өңірдегі маңызды және қызықты объектілер, құрылыстар мен адамдар негізінде көрсетеді

Қазіргі таңда барлық өңірлерде «Ізгі істер марафоны» жалпыұлттық жобасы шеңберінде халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауға бағытталған «Мейірімділік керуені» акциясы іске асырылуда.

Министрлік еліміздегі бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуде, елдегі этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруда, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті сақтау және нығайтуда, қоғамдық, әлеуметтік, мәдени-ағартушылық жобаларды іске асыруда жергілікті атқарушы органдармен, ҚХА-мен және этномәдени бірлестіктермен бірлесіп, идеологиялық, әдістемелік, ақпараттық-ұйымдастырушылық жұмысты жалғастыратын болады.

**Мәдениет және спорт министрлігі** желісі бойынша бүгінгі таңда елімізде 12 орыс, 1 ұйғыр, 1 корей, 1 неміс және 1 өзбек этникалық театрлар жұмыс істейді.

Олардың репертуарларында ұлттық шығармалармен қатар *қазақ, орыс, шетелдік классикалық және заманауи* авторлардың шығармалары да бар.

Театрлар республикалық және халықаралық театр фестивальдеріне, форумдарға, Қазақстан мәдениетінің күндері мен жылдарына белсенді қатысады, Қазақстан қалалары мен шет елдерге гастрольдер өткізеді. Ұлттық мәдениетті сақтау және насихаттау мақсатында театрлар өз өнерін ана тілінде ұсынады.

Бұдан басқа, Қазақстан халқы Ассамблеясының қолдауымен 2011 жылдан бастап мәдениет және спорт министрлігі екі жылда бір рет Қазақстанның ұлттық (этникалық) театрларының республикалық фестивалін өткізіп келеді, онда театрлар еліміздің көпұлтты театр өнерін лайықты түрде көрсетуде. Аталған фестиваль 2011, 2013, 2015, 2017 және 2019 жылдары Нұр-Сұлтан, Қарағанды, Алматы, Шымкент және Қостанай қалаларында өткізілді.

**Солтүстік Қазақстан облысында** жалпыұлттық бірлікті, бейбітшілік пен келісімді тәрбиелеуде Қазақстан халқы Ассамблеясымен үлкен жұмыс жүргізілуде. Оқушылардың өлкетануға, этномәдениеттануға, тарихқа қатысты ғылыми жобаларды әзірлеуге, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуы тәрбие

формаларының бірі болып табылады. Облыс оқушылары **300**-ден астам жоба әзірледі.

**Батыс Қазақстан облысы** бүгінгі таңда облыста **54** этномәдени бірлестік жұмыс істейді. БҚО ҚХА этномәдени бірлестіктерінің бастамасымен түрлі бағытта жұмыстар атқарылуда. Оның ішінде қайырымдылық бойынша жүзеге асырып жатқан істерді тілге тиек етпеу мүмкін емес. Өңірдегі сауда нүктелері мен мейрамханалардың иелері болып табылатын этнос өкілдері тұрақты негізде қайырымдылық акцияларын өткізіп, халықтың әлеуметтік осал топтарына көмек қолын созып келеді.

Мәселен, «Бірлік» әзірбайжан этномәдени бірлестігінің мүшелері облыстық онкологиялық орталықтың құрылысына қаржы аударып, құрылыс материалдарын ұсынуға көмек көрсетті. Сондай-ақ, бірлестік Түркістан облысы Арыс қаласындағы жарылыс салдарынан болған апаттардың салдарын жою үшін құрылысшылар бригадасын жіберді.

Татар этномәдени бірлестігі облысымыздағы дарынды балалардың Ресеймен шекаралас аймақтардағы музыкалық жоғары оқу орындарында білім алуына, сондай-ақ халықаралық сахналарда өнер көрсетуіне қолдау білдіріп келеді. Шешен этномәдени бірлестігі өкілдері нан және кондитерлік өнімдердері кәсіпорындарын ашып, **15**-тен астам әлеуметтік сауда нүктелерін іске қосу арқылы халықты жұмыспен қамтамасыз етіп келеді. Ал, «Орал Яик казактары» этномәдени бірлестігі қаладағы тозығы жеткен ескерткіштерді қалпына келтіру жұмыстарымен айналысуда. Сондай-ақ, бірлестік құрамындағы ата-ананың қарауынсыз қалған, әлеуметтік аз қамтылған балаларға арналған би ансамблі жұмыс жасауда.

«Хаймат» неміс этномәдени бірлестігі тарихи Отанымен ынтымақтастық орнатқан. Жоба аясында Германиядан инвестиция тартылып, қазіргі уақытта актерлік шеберлік студиясы (шағын театр) мен көркем қысқа метражды фильм сьемкасы ұйымдастырылды, футбол командасы бар және орталық жанында неміс тілін үйрену бойынша **4** жексенбілік сынып жұмыс істейді.

Этномәдени бірлестіктердің бастамасымен облыс орталығында әр этностың «Достық скверлерін» жабдықтап, ашу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, кәріс мәдени-ағартушылық қоғамы қазақ және кәріс халқының достығына арналған «Бес ұрпақ» және «Денсаулық жолы» атты сауықтыру скверін ашып, халық игілігіне пайдалануға табысталды.

Қазіргі уақытта, Орал қаласының әкімдігімен бірлесіп, басқа да скверлердің орналасатын көшелері анықталып, эскиздік жоспар жобасы әзірленуде.

Бүгінгі таңда облыстық Ассамблея жанында тек этномәдени бірлестіктер ғана емес, сондай-ақ түрлі зиялы қауым өкілдерінен тұратын құрылымдық бөлімшелер де қызмет атқарады.

Елімізде алғашқылардың бірі болып біздің облысымызда құрылған құрылымдық бөлімшелер этносаралық келісімге жалпыұлттық бірлікке ықпал ететін қоғамдағы толеранттылықтың қалыптасуына өз үлестерін қосуда.

Сонымен қатар, этномәдени бірлестіктер мемлекеттік мекемелермен тығыз байланыста түрлі іс-шаралар өткізіп отырады.

Ай сайын этномәдени бірлестіктердің төрағаларымен кездесулер өткізіліп, өңірдегі қоғамдық-саяси жағдай мәселелері бойынша мемлекеттік және құқық қорғау органдарының ақпараттары тыңдалып, тиісті шаралар қабылдануда.

Мемлекеттік тапсырыс бойынша әр этностың мәдениетін, салт – дәстүрін насихаттай отырып, «Қазақтану» бағдарламасы аясында қазақ халқының ұлттық құндылықтарын әр этнос өкіліне дәріптеу мақсатында жыл сайын 7 күннен тұратын «Этнос апталығы» өткізіліп келеді.

**Павлодар облысы** аумағында тұратын этностардың мәдениетін, тілін, дәстүрлерін сақтау және дамыту үшін тиісті жағдайлар жасау бойынша барлық қажетті шаралар қабылдануда, бұл этносаралық қатынастарды тұрақты дамыту үшін қажетті фактор болып табылады. Өңірде **23** облыстық, **22** қалалық, **67** аудандық этномәдени бірлестіктер өз қызметін жүзеге асырады. Қоғамдағы тұрақтылық пен этносаралық келісімді нығайтуға, қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуге, Қазақстан халқының рухани мұрасын сақтау мен дамытуға бағытталған іс-шараларға ерекше назар аударылады. **23** облыстық бірлестіктің бәрі қоғамдық аккредиттеуден өтті.

Өңірлік Қазақстан халқы Ассамблеясы жанында Қоғамдық келісім кеңесі, Аналар кеңесі, Ақсақалдар кеңесі, ҚХА ЭМБ жастар бірлестіктерінің Үйлестіру кеңесі, Медиация орталығы, Ғылыми-сараптамалық топ және Журналистер клубы құрылып, қызметін жүзеге асырып жатыр.

Павлодар облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының Ақсақалдар кеңесі 2009 жылы құрылды. Ақсақалдар кеңесінің құрамына 24 мүше, оның ішінде төраға кіреді. Ақсақалдар кеңесінің құрамына үлкен өмірлік тәжірибесі бар, тұрғындар арасында жоғары беделге ие, халықтық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың иелері болып табылатын этномәдени бірлестіктердің өкілдері кіреді.

Павлодар облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының жастар бірлестігі 2001 жылы құрылды, 2018 жылдан бастап Қазақстан халқы Ассамблеясының «Жаңғыру жолы» республикалық жастар қозғалысының Павлодар облыстық штабы болып қайта құрылды.

2016 жылдан бастап «Қоғамдық келісім» КММ базасында Медиация орталығы құрылды, оның негізгі функциясы қоғамдағы, оның ішінде этносаралық қатынастар саласындағы жанжалдар деңгейін төмендету болып табылады. Облыстық деңгейде орталық «Мектеп - жанжалсыз аумақ» жобасын іске асыруда, «Жас медиатор» еріктілер қозғалысы құрылды, виртуалды қабылдау бөлмесі бар [www.mediacyapavlodar.kz](http://www.mediacyapavlodar.kz) сайты жұмыс істейді. Апта сайын жанжалды жағдайларды шешу бойынша азаматтарды жеке қабылдау жүргізеді.

Сондай-ақ, облыстық Ассамблея жанында Ғылыми-сараптамалық топ жұмыс істейді. Оның құрамына көрнекті ғалымдар, өңірлік жоғары оқу орындарының оқытушылары, аймақтың қоғам қайраткерлері кіреді. Спикерлер ретінде олар патриотизмді насихаттауға, этносаралық және конфессияаралық



қатынастарды үйлестіруге, Қазақстан халқының бірлігін нығайтуға бағытталған түрлі ақпараттық-түсіндіру іс-шараларына қатысады.

Этномәдени бірлестіктердің қызметі туралы хабарламалар Қазақстан халқы Ассамблеясының және өңірлік ҚХА-ың (assembly.kz, ankrvl.kz), «Қоғамдық келісім» КММ (pvldostyk.kz) сайттарында жүйелі түрде жарияланып тұрады, өңірлік және республикалық БАҚ беттерінде жарияланып тұрады.

Бүгінде *Маңғыстау облысында* 60-тан аса ұлт өкілі тұрады, сонымен қатар өңірде мәдениет, тіл, салт-дәстүр мен әдет ғұрыпты насихаттайтын **20** этномәдени бірлестік, Қоғамдық келісім кеңесі, Аналар кеңесі, «Жаңғыру жолы» жастары өңірлік штабы, Ғылыми сараптамалық топ, медиация, «Біз біргеміз» кабинеттері жұмыс істейді.

2021 жылдың 6 айында облыс Ассамблеясының ұйымдастыруымен **55**-ке жуық мәдени, спорттық, әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар онлайн және офлайн түрде жүзеге асты. Олардың қатарында қайырымдылық аясында 216 отбасы, 44 мүгедек балалар, 56 ардагер, 6 ұйым олардың ішінде (*облыстық аурухана, балалар емханасы, ана мен бала орталығы, сәбилер үйі, балалар ауылының үйі, қарттар үйі*) барлығы 4 млн. теңге сомада көмек алған.

Сонымен қатар, «Тілге құрмет - елге құрмет» челленджі, облыстық ауруханасының және облыстық балалар емханасының қызметкерлері үшін «Мың алғыс» акциясы, «Qazaqstan» Ұлттық телеарнасы Наурыз мерекесіне орай, түрлі ұлт өкілдерінің қатысуымен «Қош келдің, әз Наурыз» атты арнайы жоба әзірледі, 1 наурыз – Алғыс айту күніне орай, ҚР Тәуелсіздігіне 30 жылдығы мен 30 игі іс акциясы аясында Қарттар үйінде «Этно бұрыш» ашылды, Елбасы жылуы» қайырымдылық акциясы аясында облыстағы 71 отбасы (*ардагерлер, тыл еңбеккерлері, ауған жауынгерлері, ЧАЭС салдарын жоюшылар*) 9 мамырға дейін азық-түлік жиынтықтары мен бірінші қажеттіліктегі тауарларды алды. Әрбір отбасы жалпы салмағы 130 килограмм тауарлар жиынтығымен қамтамасыз етілді. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында, 1 маусым – «Халықаралық балаларды қорғау күніне» орай, «Қазақстан этностарының ертегілеріне саяхат» байқауы онлайн жүргізілді. Этнос балалары әр ұлттың ертегілерін мемлекеттік тілде орындап, әлеуметтік желілерге таратылды. Сондай-ақ Маңғыстау облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйымдастыруымен әртүрлі этнос өкілдерін мемлекеттік тілді және қазақстандық этностардың тілдерін меңгеруге тарту бойынша «Қазақтану», «Мәміле», «Мың бала» жобаларын іске асырылуда.

Сондай-ақ, а.ж. 29 маусым күні Маңғыстау облысының әкімі, ҚХА төрағасы С.Трұмовтың қатысуымен «Бірліктің, татулық пен келісімнің 30 жылы» тақырыбында Маңғыстау облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIII сессиясы өтті. Жиынға саяси партиялар, этномәдени бірлестік төрағалары мен мүшелері, ҮЕҰ өкілдері қатысты.

Жиын соңында елдегі қоғамдық келісімді нығайтуға, Қазақстан халқының бірлігін қамтамасыз етуге қосқан елеулі үлесі үшін бірқатар азаматтар облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

*Жамбыл облысында* бүгінде 87 этнос өкілдері, 75 этномәдени бірлестік бар. 75 ұйымның 34-і қоғамдық аккредиттеуден өтіп, Ассамблея құрамына енген.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында этносаралық саладағы барлық жұмыстың жүйесін жаңғырту кең ауқымда іске асырылуда.

Облыс ассамблеясының қоғамдық құрылымдарының қызметі қайта қаралып, кеңестер мен клуб саны – 7-ге ыңғайластырылды. Жұмыс сапасын арттыруға бағытталған бұл қатарда – ғылыми сарапшылар тобы, журналистер клубы, шеберлер клубы, Қазақстан халқы Ассамблеясының жастар қанаты, қоғамдық келісім, медиаторлар және аналар кеңестері жұмыс жасауда. Сонымен қатар, Республикалық деңгейде Аналар және Медиация кеңестерімен бірлескен іс-шаралардың мониторингі құрылды.

Қазіргі кезде Қазақстан халқы Ассамблеясындағы медиация институты өзге этнос өкілдері арасындағы бірлік пен келісімді барынша нығайтуға ықпал ететін және сенімді орын болып отыр. Осыған орай, «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде сенім телефоны, медиация кабинеті мен қоғамдық қабылдау жұмыс істейді және тұрғындарға практикалық, медиациялық көмек көрсету үшін облыстағы 40 медиация учаскелерінде түсіндіру жұмыстары жүргізіліп келеді. Медиаторлардың жұмысына үлкен мән берілуде.

Қоғамдық медиаторлардың бірыңғай тізімі құрылып, осыған қарасты жұмыстар жүйелі жүргізілуде. Атап айтқанда, бүгінгі күні 100 медиатор дәріс алып, оның 40-ы қазіргі кезеңде іс жүзінде жұмыс атқаруда. Есепті кезеңде оларға 634 азамат жүгініп, олардың жанжал мен даулы 402 жағдайын оң шешуға қол жеткізілді.

Жалпы, Жамбыл облысындағы Қазақстан халқы ассамблеясы 2021 жылдың жарты жылдығында 67 млн. 119 800 теңгеге 10 272 адамға қайырымдылық жасады.

Жартыжылдықта облыс аумағында қоғамдағы бірлік пен келісімді сақтау және нығайтуға бағытталған 668 іс-шара өткізіліп, оған 26100 мақсатты аудитория қамтылды. Облыстық ассамблея жанындағы этномәдени бірлестіктердің іс-шараларының идеялық мазмұны Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығына және «Алуан түрлі қазақстандық этностарды рухани-мәдени танымал ету» мәдени-ағартушылық жобасы аясында ұйымдастырылды.

Жалпы өңірдегі этносаралық келісімді нығайту мақсатында өзге этнос өкілдерін аудандардағы кеңестер құрамын енгізу, мемлекеттік және бюджеттік мекемелерге өзге ұлт өкілдерінен жұмысқа қабылдау көрсеткішін ұлғайту туралы орталықтандырылған тапсырмалар бойынша аудандардағы кеңестер мүшелігінде 94 этнос өкілі енгізіліп, 1508 өзге ұлт өкілі бюджеттік мекемелерде еңбек етуде.

Сондай-ақ, өткен жылы басталған «Бейбітшілік пен келісім» пилоттық жобасы биылғы жылы да этнос өкілдері тығыз орналасқан 7 ауданда жүзеге асырылды.

Мемлекеттік және құқық қорғау органдары, сарапшылар, қоғамдық ұйымдар, діни және бизнес өкілдерінен тұратын 3 топ жасақталып (*этносаралық және конфессияаралық келісім тобы, әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді шешу және ауылда бизнесті дамыту тобы, құқыққорғау тобы*), 145 елді мекен тұрғындарымен кездесті.

Этностар тығыз шоғырланған (*Меркі, Шу, Байзақ, Жамбыл, Талас, Сарысу, Қордай аудандарының*) өңір тұрғындарының проблемаларын нақты шешу бойынша жұмыстар жүргізілді.

Сонымен қатар, ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыру, білім беру, медициналық қызметтер сапасын жақсарту, діни білім деңгейін арттыру және т.б. әлеуметтік мәселелер қарастырылып, жол картасы жасақталды.

Карантин талаптарын сақтай отырып, жүзеге асырылған жоба кезінде **812** іс-шара ұйымдастырылып (*Меркіде - 138 іс-шара ұйымдастырылып, 2734 адам, Шуда – 89 іс-шара ұйымдастырылып, 2637 адам, Байзақта – 93 іс-шара ұйымдастырып, 2447 адам, Жамбылда – 110 іс-шара ұйымдастырылып, 2507 адам, Таласта –122 іс-шара ұйымдастырылып, 2305 адам, Сарысуда –85 іс-шара ұйымдастырылып, 2030 адам, Қордайда-175 іс-шара ұйымдастырылып, 5118 адам қамтылған*), **17748** адам қатысты. Жоба барысында 204-кездесу, 111-қоғамдық қабылдау өткізілді.

Сондай-ақ, басқарма тарапынан облыс әкімімен жоба жұмыстарын ағымдағы жылдың II жартыжылдығында Жуалы ауданында өткізу туралы ұсыныс беріліп, келісілді.

Жұмысшы топ мүшелері 1070 азаматтың мәселесін шешуге көмек берсе, 445 азаматқа медициналық көмек көрсетіліп, сала өкілдері тарапынан тұрғындарды толғандыратын 790-ға жуық мәселе қаралып тиісті жауаптар берілді. 170-ке жуық тұрғынның қайтарымсыз грант алу мәселесі шешілді. 55 анаға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып, 347 адам тұрақты жұмысқа орналасты. 90 адам әлеуметтік жұмысқа, 129 адам қоғамдық жұмысқа, 173 жас жастар тәжірибесіне жолдама алды.

Бұдан өзге тиімді және нәтижелі жұмыс істеу үшін облыс ассамблеясының қоғамдық құрылымдарының қызметі қайта қаралып, кеңестер мен клуб саны – 7-ге ыңғайластырылды. Жұмыс сапасын арттыруға бағытталған бұл қатарда – ғылыми сарапшылар тобы, журналистер клубы, шеберлер клубы, Қазақстан халқы Ассамблеясының жастар қанаты, қоғамдық келісім, медиаторлар және аналар кеңестері жұмыс жасауда.

**Түркістан облысы** бойынша жалпы Түркістан облысы халқының саны **2 044 742** адамды құрайды. Оның ішінде, ұлттық құрамы (*облыс бойынша 50-ге жуық ұлттар мекендейді*) бойынша: қазақтар – 1 550 594 адам (76,0%), өзбектер – 353 946 адам (16,6%), орыстар – 34 583 адам (1,7%), тәжіктер – 38 508 адам (1,9%), әзірбайжандар – 18 857 адам (0,9%), түріктер – 16 887 адам (0,8%), қалған – 41 431 адам, яғни 2%-ын өзге этнос өкілдері құрайды.

Бүгінгі таңда Түркістан облысының этнос өкілдері тығыз шоғырланған 8 ауданында Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ-ның филиалдары жұмыс жасайды. «Қоғамдық келісім» КММ-сі қызметкерлері тарапынан өңірдегі шағын тұратын этностардың көңіл-күйі тұрақты бақылауға алған.

Түркістан облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы тарапынан облыстық және жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, тұрақты түрде этникалық топтар жинақы тұратын аудандардағы этнос өкілдері арасындағы туындауы мүмкін шиеленістерді анықтау жөнінде жұмыстар

Облыстық «Қоғамдық келісім» КММ қызметкерлері а.ж. жылдың бастап бүгінгі күннің жағдайымен әлеуметтік желілерде өңірдегі этносаралық қатынастар мәселесі бойынша мониторинг жүргізіп, жағымсыз пікірлер мен деструктивті жарияланымдар анықталмады.

Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасы «Қоғамдық келісім» КММ-нің әлеуметтік парақшаларында этносаралық өзара сыйластықты қалыптастыру мақсатында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілуде.

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған облыстық ҚХА құрылымдары мен этномәдени бірлестіктердің бірлескен іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу бойынша 38 тармақтан тұратын іс-шаралар жоспары бекітіліп, тиісті мерзімдеріне сәйкес іс-шаралар өтуде.

Ағымдағы жыл басынан облыс көлемінде «30 игі іс» қайырымдылық марафоны аясында «Қамқорлық», «Табиғатты аялайық!» акциялары жүзеге асырылды. Аталған акцияларын жүргізу барысында әлеуметтік жағдайлары төмен және көпбалалы 96 отбасыға 4 млн. жуық тенгеге азық-түлік себеттері таратылды және де Жетісай ауданының тұрғындары «Нәр-Тамшы» қайырымдылық фондының бастамасымен жалғызбасты көпбалалы отбасыға 5 бөлмелі үй алып берді.

Облыстық Ассамблеяның әлеуметтік желідегі парақшаларында 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күніне орай инфобаннерлер орналастырылып, құттықтаулар мен бейнероликтер, әлеуметтік желілер мен сайттарға жалпы саны – 317 материал жарияланды. Оның ішінде фейзбук – 252, инстаграм - 44, Түркістан облыстық Ассамблеяның сайтта – 10, өзге сайттарда – 11 материал.

**Қызылорда облысының** ақпараты бойынша Қызылорда облыстық ҚХА құрамында **11 этномәдени бірлестік**, аудандарда **6 этнобағытталған** үкіметтік емес ұйым және **9 қоғамдық құрылым** тұрақты жұмыс атқарып келеді. Сонымен қатар Қорқыт Ата атындағы ҚУ-дың «Тарих және Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасымен тығыз әріптестік байланыс орнатылған.

Өңірдегі маңызды шаралардың барлығына этнос өкілдері белсене араласып, қолдау білдіріп келеді. 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында жалпы этномәдени бірлестіктердің ұйымдастыруымен түрлі форматтағы **41** іс-шара ұйымдастырылып, оған **7980** адам тартылды.

**Нұр-Сұлтан қаласы** бойынша 2021 жылдың басынан бері қалалық Ассамблея **115** ірі іс-шара ұйымдастырды, оның ішінде халықаралық – 4, республикалық – 12, қалалық – 90. Барлығы 9600 адам қамтылды.

Қазақстан халқының салт-дәстүрлерін дамытуға бағытталған түрлі іс-шаралар жүргізілуде.

«Жастар» театрында Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына арналған онлайн-режимде Қазақстан халқы достығының қалалық фестивалі ұйымдастырылды.

Концерттік бағдарламаға елордалық ЭМБ шығармашылық ұжымдары қатысты. Барлық қатысушыларға дипломдар мен естелік сыйлықтар табыс етілді.

2021 жылдың бірінші тоқсанында «40 қыз» ғылыми-практикалық конференциясы, ұлы түркі ақыны, ойшыл Әлішер Науаи шығармашылығына арналған әдеби-музыкалық кеш, қазақ ақыны және ойшыл Ж. Жабаевтың 175 жылдығына арналған әдеби оқулар сияқты халықаралық іс-шаралар ұйымдастырылды.

2020 жылдың соңында ашылған АНК Live тікелей эфир студиясы тиімді диалог алаңына айналды. Оған көрнекті қоғам қайраткерлері, қоғам, ҚХА өкілдері қатысты. Олардың қатысуымен этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты одан әрі дамыту мәселелері талқыланды.

Қала Ассамблеясы қоғамдық келісімді нығайтуға және қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуге бағытталған бірқатар іс-шаралар ұйымдастырды.

Славян Масленица қысты шығарып салу мерекесі ұйымдастырылып, онлайн-конкурстардың қорытындысы шығарылды, оған қатысқандардың барлығы алғыс хаттармен және сыйлықтармен марапатталды.

Достық үйінде Наурыз мейрамын мерекелеу аясында Аналар кеңесі мүшелерінің, «Есіл» ауданы ардагерлерінің шығармашылық ұжымының қатысуымен «Көрісу» қазақ салт-дәстүрін өткізу ұйымдастырылды.

Наурыз мейрамын мерекелеу шеңберінде «АНК Live» студиясында виртуоз әнші, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Жанғали Жүзбайдың шақыруымен «Отандастар» қоры» КЕАҚ–ның қатысуымен «Дала үні-домбыра» тікелей эфирі өтті. Кездесу барысында Ресей, Норвегия, Голландия, Иран сияқты шетелдегі қазақ диаспораларының өкілдерін қосу ұйымдастырылды.

Instagram, Facebook әлеуметтік желілерінде Наурызды тойлау күндері Нұр-Сұлтан қаласының ҚХА ЭКО басшыларының «Қош келдің, әз Наурыз!», этнос өкілдерінің орындауындағы «Наурыз» әніне бейнеклип түсірілді.

Қазақстан халқы Ассамблеясы қоғамдық құрылымдарының төрағалары мен мүшелері ұлттық саясаттың өзекті мәселелері бойынша қалалық БАҚ-та үнемі сөз сөйлейді және сұхбат береді, республикалық БАҚ, радио, телеарналардағы хабарларға белсенді қатысады.

Насихаттау жұмыстарына қала Ассамблеясының қоғамдық құрылымдарының өкілдері: Ғылыми-сараптамалық тобының, Қоғамдық келісім кеңестерінің, аналар кеңесінің, Ақсақалдар кеңесінің, «Жаңғыру жолы» РМД қалалық филиалының мүшелері белсенді түрде тартылуда. Бұл жұмыс халық арасында, еңбек ұжымдарында, ұйымдар мен мекемелерде жүргізіледі.

Қала Ассамблеясының қызметін жариялау мақсатында 2021 жылдың басынан бастап БАҚ-та және әлеуметтік желілерде 670 материал жарияланды.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын кең көлемде мерекелеу, жасампаз еліміздің жаңа тарихындағы жарқын жетістіктерін насихаттап, егемендіктің қадір-қасиетін ұлықтау, жас ұрпақтың санасына сіңіру мақсатындағы шараларды ұйымдастыру және ақпараттандыру, Тәуелсіздік

жылдарындағы қол жеткен табыстарымызды паш етуге бағытталған ауқымды жұмыстар өз жалғасын табады.

---